


# Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері

20  
26

ЖАҢА ЖЫЛ  
ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



**Тараз қаласы М. Мақатаев атындағы №14 орта мектепте өткен  
«Тәуелсіздік — тірегім, елім деп соққан жүрегім»  
тақырыбындағы мерекелік шара**



# Мектептегі мерекелер

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.  
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

## МАЗМҰНЫ

А. Ибраимова, Э. Айнакулова. Тәуелсіздік – тірегім, елім деп соққан жүрегім.....	3
Г. Бейсембина. Менің Отаным – Қазақстан.....	9
К. Рысбаева. Ғасыр ақыны.....	10
Г. Ербатырова. Шоқан – қазақтың жарық жұлдызы.....	12
А. Құбашева. Тарлан талант.....	15
Г. Утарбаева. Мұзтаудың мұз балағы – Оралхан Бөкеев.....	18
А. Абілқасова. Қош, сүйікті Әліппе.....	20
А. Әбдиева. Ас атасы – нан.....	23
А. Төлеуова. Тапқыр достар.....	24
Қ. Қасымова. Жаңа жылдық ертеңгілік.....	26
Н. Шатимова. Жас қаламгер – жаңа дәуірдің үні.....	32
Ж. Садық. Дәуір данасы – Міржақып.....	35
Г. Құрманалиева. «Қазақ тілі» қалашығына саяхат.....	37
А. Мырзағалиева. Дос болайық бәріміз.....	39
А. Хамитова. Ілияс Есенберлин – Тарихты тірілткен қаламгер.....	41

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:  
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:  
**Гүлжанат ҚҰСТАНОВА**

Көркемдеуші және беттеуші:  
**Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА**

«Мектептегі мерекелер:  
тәрбие жұмыстарының  
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс  
және ақпарат министрлігінде  
қайта тіркеліп, №10966-Ж  
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды  
26.12.2025 ж.  
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:  
050036, Алматы қаласы,  
Мамыр-2 ы/а, 13-7.  
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.  
Ұялы тел.: 8 777 303 37 67.

Эл.пошта: [pedagog-ltd@mail.ru](mailto:pedagog-ltd@mail.ru)  
Сайт: [www.pedagog-ltd](http://www.pedagog-ltd)

Журнал <<Print House GERONA>>  
баспаханасында басылды.  
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі  
30А/3, 124-кеңсе.  
Тел.: (727) 250 47 40.

## **АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

**Кіршібаева Райхан** –  
эл-Фараби атындағы  
№145 мектеп-гимназия  
директорының тәрбие  
жұмысы жөніндегі  
орынбасары.  
Алматы қаласы.

**Қоңырбаева Сараш  
Сахиқызы** – эл-Фараби  
атындағы Қазақ Ұлттық  
университетінің  
қауымдастырылған  
профессоры, педагогика  
ғылымдарының кандидаты.  
Алматы қаласы.

**Атабекова Бақытгүл  
Ботабекқызы** – PhD,  
Абай атындағы Қазақ  
Ұлттық педагогикалық  
университетінің аға  
оқытушысы. Алматы қаласы.

## **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

# Тәуелсіздік – тірегім, елім деп соққан жүрегім

**Мақсаты:** оқушыларға Қазақстан Тәуелсіздігінің маңызын түсіндіру. Желтоқсан оқиғасы арқылы жүздеген жылдар бойы бабаларымыздың армандаған егемендігіне қол жеткізу жолында талай боздақтарымыздың жалған айыппен құрбан болғандығын оқушыларға жете ұғындыру; оқушылардың дүниетанымын кеңейту, Отанды сүйеге, құрметтеуге,

адамгершілікке, әділеттілікке, ел мен жердің қадір-қасиетін ұғынуға тәрбиелеу.

**Музыка:** «Менің Қазақстаным» баяу фон.

**1-жүргізуші:** Құрметті қонақтар, ұлағатты ұстаздар мен шәкірттер! Бүгінгі еліміздің сан мың жылдар бойы армандаған, сол жолда ғасырлар бойы найзаның ұшымен, ерле-



ріміздің ерен ісімен, кешегі дүниені дүр сілкіндірген желтоқсан оқиғасымен келген, тарихымызда алтын әріптермен жазылып қалатын Тәуелсіздік мерекесіне арналған «Тәуелсіздік – тілегім, елім деп соққан жүрегім!» атты кешімізге қош келдіңіздер!

**2-жүргізуші:** Егемен еліміздің ең ұлық, ең қастерлі мерекесі – Тәуелсіздік күні. Тәуелсіздіктің тал бесігінде тербелген ардақты ағайындар, мереке құтты болсын!

**Қазақстан Тәуелсіздікке қалай жеттік? Бейнероликке назар аударыңыздар.**

**1-жүргізуші:** Тәуелсіздігімізді тәу етіп, егемендігімізді ту етіп жел біреткелі 34 жыл толды. Десек те, Тәуелсіздіктің түп-тамыры Желтоқсан оқиғасына тікелей байланысты екеніне ешкім дау айта қоймас. Азаттық. Теңдік. Тәуелсіздік. Осы үш ұғымның салтанат құруы үшін кімдер бас тікпеді, кімдер құрбан болмады.

**2-жүргізуші:** Дұрыс айтасын, тәуелсіздікке көз тастап қарайықшы. Сонау дүбірлі батырлар заманынан бері ел мен жер үшін қаншама қан төгілді, қаншама адам құрбан болмады.

**1-жүргізуші:** 1986 жылдың 16 желтоқсаны. Қазақтың санасын сілкіндірген желтоқсан ызғары жылдар бойы арман мен тәуелсіздіктің қайнар көзі.

Олай болса, бүгінгі кешімізді ту-

ған елге деген сүйіспеншілікпен бастайық.

**1-оқушы:**

Аппақ қар қызыл қанға боялды,  
Өшкен рух, сөнген үміт қайта  
жанды, оянды.

Ата-бабам қалай айтқан қалтқысыз,

Ерді намыс өлтірер, ал қамыс қоянды.

**2-оқушы:**

Тәуелсіз аппақ таң атты,  
Сейілді көктен бұлтты күн.

Үш ғасыр күткен азаттық,  
Қазағым үшін құт бүгін.

Қададық шаттық уығын,  
Егемен елсің енді деп,

Күміс күн кесті кіндігін.

Егемен болдық ел болдық,

Қазағым, бірақ шіренбе.

Ертеңіне сенген жұрт.

**3-оқушы:**

Тәуелсіздік оңай бізге келген жоқ,  
Ұл-қыздарым оны қолдан берген жоқ.

Отан үшін құрбан болған боздақтар,  
Ел есінде қалды мәңгі өлген жоқ.

Әрқашанда тыныш болсын түніміз,  
Шуақ шашсын ашық аспан күніміз.

Кеше ғана азаттықты аңсаған,  
Бүгін міне, ірі елдердің біріміз.

**4-оқушы:**

Тәуелсіздік – тұғырым,

Теңдік алған ғұмырым.

Туған жердің төсінде,



Еркін өскен ұлымын.

**5-оқушы:**

Еркіндікке Желтоқсаным бастады,

Қазақ жасын бүкіл әлем қоштады.

86 жаңғырығы жар салып,

Тәуелсіздік ұлы ұранын тастады.

Елемепті қысқы ызғар, суықты,

Өне бойын жастардың кан жуыпты.

Қайрат, Ләззат жас қырандар аяулы,

Өз халқының бағы болып туыпты.

Отыз төрт жыл тәуелсіздік туғалы,

Қазақ елі бірлікке бел буғалы.

Отыз төрт жыл Қазақстан халқының,

Өз тағдырын, өзі шешіп тұрғалы.

Көгінде тұр көк байрағың желбіреп,

Елтаңбаға қараймыз біз елжіреп.

Әнұранды шарықтата шырқаймыз.

Бабаларды еске алып ержүрек.

**2-жүргізуші:** «Отаным — менің жүрегім» әнін қабыл алыңыздар.

**1-жүргізуші:** Алина, желтоқсан оқиғасының шығу себебі не деп ойлайсың?

**2-жүргізуші:** 1986 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан компартиясы орталық комитетінің пленумы болды, онда Д.А. Қонаевты Қазақстан компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшылығынан босатып, орнына Колбинді сайлады. Колбин Қазақстанда тұрмайды, онда қыз-

мет етпеген. Міне, осы пленум шешіміне қазақ жастары бейбіт түрде наразылық білдіріп алаңға шықты. Жастар шеруі желтоқсан айының 17-18 күндері болды. Бұл оқиға сол себепті де тарихта «желтоқсан оқиғасы» деген атпен қалды.

**1-жүргізуші:** Ендігі кезекті Отан, Туған жерге арналған өлең шумақтарына берсек.

**6-оқушы:**

Бабамның да арманы,  
Осы еді ғой аңсаған.

**Тәуелсіздік** тандары,  
Бақ береді баршаға.

Көк туымды қолыма,  
Бүгін берік ұстадым.  
Түсті бақыт жолына,  
Менің Қазақстаным!

**7-оқушы:**

Желтоқсанда бір сыр бар,  
Жел соқсын, мейлі жаусын

қар.

Ұмытылмас ешқашан

Қайрат, Ләззат қыршындар.

**8-оқушы:**

– Тәуелсіздік деген не?!

– Ол бақыт қой әр елге!

Бөтен елге тәуелді

Ел көп әлі әлемде.

Тәуелділік – еліңе, –

Өзен,

Көлің,

Жеріңе

Басқа ел ие болуы,



Шыға алмауың төріңе.  
Тәуелсіздік – ол ұлы!

Өз Туыңның болуы!  
Жеріңе,  
Еліңе ие боп,  
Басқа бақыт қонуы!  
Тәуелсіздік – ол ұлы!  
Елтаңбаның болуы!  
Ырыс-құтқа қол жетіп,  
Тыныштықта ел болуы!  
Өрден-өрге өрлеуің,  
Қысым, күштеу көрмеуің!  
«Қанатым, – деп-өз тілім».  
Ана тілде сөйлеуің!

### 9-оқушы:

Ашу-ыза, намысым боп,  
Буырқанған Желтоқсан!  
Азу тісті талайдың,  
Уы тамған Желтоқсан!  
Қарындастың көз жасы –  
Мұз боп қатқан Желтоқсан!  
Темір төсек жамбасқа,  
Сыз боп батқан Желтоқсан!  
Қазағымды «ұлтшыл» деп,  
Жалалы болған Желтоқсан!  
Ұл-қызының қанына,  
Табағы толған Желтоқсан!  
Темір торға жазықсыз,  
Қамалғансың Желтоқсан!  
«Нашақор» мен «бұзақы»,  
Саналғансың Желтоқсан!  
Сапар шеккен Қайрат боп,  
Мәңгілікке Желтоқсан!  
Кең далада қалықтаған,  
Жаңғырық та сен Желтоқсан!

### 10-оқушы:

Желтоқсанның қарамай ызғарына,

Желтоқсанның қарамай ызбарына.

Тәуелсіздік тұғырға жету үшін,  
Өлді талай боздақтар желтоқсан  
мұздарында.

Жас арудың жанарында – Жел-  
тоқсан,

Қанды ғасыр табанында – Жел-  
тоқсан.

Қаралы өмір қайыстырған хал-  
қымның,

Қара тұман қабағында – Желтоқ-  
сан.

Жауыздықты жасқаған да – Жел-  
тоқсан,

Жаңа ғұмыр бастаған да – Жел-  
тоқсан.

Жазықсыздың көз жасына жуы-  
нып,

Абақтыға тастаған да – Желтоқ-  
сан.

Намысымның шырағы да – Жел-  
тоқсан,

Сұрқай өмір сынағы да – Жел-  
тоқсан.

Жігіттердің ұраны да – Желтоқ-  
сан,

Жаңа күннің шуағы да – Желтоқ-  
сан.

**2-жүргізуші: «Жайна, Отаным» әні  
орындалады.**

**1-жүргізуші:** Тәуелсіздік – азат-  
тықтың ақ таңы.

Бұл – ата-бабалар ерлігінің жемі-  
сі, рухының жеңісі.

Бүгінгі жастар – сол тәуелсіздікті  
сақтайтын, оны мәңгі баянды ете-  
тін ұрпақ.

**2-жүргізуші:** «Егемен ел – Қазақстан» әні орындалады.

**1-жүргізуші:** Тәуелсіздік – әр қазақтың жүрегіндегі от, бойындағы намыс, санасындағы мақтаныш.

**2-жүргізуші:** Еліміздің болашағы – сіздер, жас ұрпақ!

Еркіндікке Желтоқсаным бастады,

Қазақ жасын бүкіл әлем қоштады.

86 жаңғырығы жар салып,

Тәуелсіздік ұлы ұранын тастады.

Елемепті қысқы ызғар, суықты,

Өне бойын жастардың қан жуыпты.

Қайрат, Ләззат жас қырандар аяулы,

Өз халқының жаны болып туыпты.

Ел бағына тәуелсіздік туғалы,

Қазақ елі бірлікке бел буғалы.

Қайырлы жыл Қазақстан халқының,

Өз тағдырын, өзі шешіп тұрғаны.

Көгінде тұр көк байрағың желбіреп,

Елтаңбаға қараймыз біз елжіреп.

Әнұранды шарықтата шырқаймыз,

Бабаларды еске алып ержүрек.

– Тәуелсіздік деген не?!

– Ол бақыт қой әр елге!

Бөтен елге тәуелді

Ел көп әлі әлемде.

Тәуелділік – еліңе, –

Өзен,

Көлің,

Жеріңе

Басқа ел ие болуы,

Шыға алмауың төріңе.

Тәуелсіздік – ол ұлы!

Өз Туыңның болуы!

Жеріңе,

Еліңе ие боп,

Басқа бақыт қонуы!

Тәуелсіздік – ол ұлы!

Елтаңбаның болуы!

Ырыс-құтқа қол жетіп,

Тыныштықта ел болуы!

Өрден-өрге өрлеуің,

Қысым, күштеу көрмеуің!

«Қанатым, – деп-өз тілім»

Ана тілде сөйлеуің!

**А. ИБРАИМОВА,**

**Ә. АЙНАКУЛОВА,**

**М. Мақатаев атындағы №14 орта**

**мектеп кітапханашылары.**

**Тараз қаласы,**

**Жамбыл облысы.**



# Менің Отаным – Қазақстан

**Мақсаты:** Балалардың Қазақстан Республикасы туралы, рәміздер туралы алған білімдерін бекітіп тиянақтау, оларды мақтаныш етіп, құрметпен қорғауға баулу. Өз Отанына сүйіспеншіліктерін арттыру. Мақал-мәтел, тақпақтарға қызығушылықтарын арттыру дауыс қойып айтуға үйрету. Қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру.

**Көрнекіліктері:** ҚР рәміздері, қағаздар, желім, гүлдер, таяқша, магнитофон, кассета.

**Барысы:** Балалар әуенмен залға кіреді. Әр бала өз жылы лебіздерін айтады:

1. Мен денсаулық тілеймін;
2. Мен бақыт тілеймін;
3. Мен сәттілік тілеймін;
4. Мен бейбітшілік тілеймін;
5. Мен Отанымды сүйемін;
6. Қазақстаным, гүлдей бер!

## Тәрбиеші:

Абай туған, Сәкен туған,  
Құрметте, достым, Қазақтың жерін.  
Орманы пүліш, бұлағы күміс,  
Төлеген, Әлия, Мәншүк батырлар

шыққан

Қазақстан – республикам менің!

1. Біз қандай республикада тұрамыз?
2. Қазақстан қандай ел?
3. Елбасы кім?
4. Қазақстан қандай мемлекет?
5. Қазақстанда қандай ұлт өкілдері тұрады?
6. Елорда – бас қаламыз қай қала?

Балалар, сұрақтарға дұрыс жауап бердіңдер, жарайсындар!

Ал біздің Қазақстанымыз егеменді тәуелсіз мемлекет болғандықтан рәміздерімізді білуіміз керек. Мемлекеттік туымызда не бейнеленген, оның түсі қандай?

- Тудың түсі көгілдір. Ортасында күн. Күннің астында қыран құс. Оң жағында қазақтың ою-өрнегі. Мемлекеттік тудың авторы – Шәкен Ниязбеков.

- Кім тақпақ айтады?

## «Біздің ту»

Айнымайды аспаннан,  
Біздің тудың бояуы.  
Оны халық қашанда,  
Биікке іліп қояды.

Мемлекеттік Елтаңбамызда не бейнеленген?

- Елтаңбаның ортасында шаңырақ. Екі жағында тұлпар, жоғарғы жағында жұлдыз, астында «Қазақстан» деп жазылған. Елтаңбаның авторы – Жандарбек Мәлібеков, Шота Аман Уалиханов.

Кім тақпақ айтады?

## «Елтаңба»

Құтты береке шаңырақ,  
Орын алған ол төрден.  
Қанатты қос арғымақ,  
Екі жақтан көмкерген.

- Ал енді мемлекеттік елтаңба туралы айтқанда ортасында шаңырақ бейнеленген дедік, ол киіз үйдің бір бөлігі. Біздің Отанымыз отбасымыздың

негізі киіз үйден басталады. Ал балалар ойнайық.

**Ойын: «Киіз үй»**

*Дөңгелене тұрамыз,  
Керегені құрамыз.  
Уықтар болып иіліп,  
Шаңыраққа киіліп,  
Киіз үйді тігеміз.*

**Енді «Теңге шашу» деп аталатын ойын ойнаймыз.**

Еліміздің тәуелсіздік мерекесіне шашуымыз болсын. Кім көп теңге жинаса, сол мақал айтады.

1. Отан – алтын бесік;
2. Отан оттан да ыстық;

3. Отансыз адам – ормансыз бұлбұл;

4. Жері байдың елі бай;

5. Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас...

- Балалар, жарайсындар! Өздерің отандарыңды қалай сүйетіндеріңді дәлелдеп бердіңдер. Осылай еліміз, жеріміз гүлдеп, жайнай берсін!

**Гүлбайра БЕЙСЕМБИНА,  
№49 балабақшаның қазақ тілі пәні  
мұғалімі.  
Алматы қаласы.**

## Ғасыр ақыны

**Мұқағали Мақатаев шығармашылығын насихаттау мақсатында өткізілетін мерекелік кеш.**

**Барысы:**

**I. Келген қонақтарды қарсы алу, отырғызу.**

**II. Кешті ашу.**

**1-жүргізуші:**

Кірпікке кір жуытпай, құндақтаған,  
Мына өмір, мына дәуір қымбат маған.

Бұл ғасыр, сірә, менің жүрегім-ау,  
Тынысын қыбыр етпей тындап бағам.

**2-жүргізуші:**

Бұл ғасыр – менің жүрек сағатым-дай,

Тамырым бірге онымен соғатындай.  
Амалсыз, абайсызда қалғып кетсем,  
Ғасырым бірге ұйықтап қалатындай.

**1-жүргізуші:**

Біз жараттық мынау ғажап ғасырды,  
Тарихы оның біздерменен ашылды.  
Біздің мына қолтаңбамыз басылды,  
Құрметтендер жиырмасыншы ғасырды!

**2-жүргізуші:**

Келер-кетер, ғасырлар келер-кетер,  
Өзім жырлап қалайын ғасырымды.  
Келер ұрпақ өзінше өлеңдетер!

**1-жүргізуші:** Қош келдіңіздер, құрметті қонақтар! Қазақ поэзиясының мұзбалақ ақыны, қайталанбас талант иесі М. Мақатаевтың туғанына 70 жыл толуына арналған «Ғасыр ақыны» атты кешті ашуға рұқсат етіңіздер!

**2-жүргізуші:** Кешті ашу үшін коллед-

жінің директорына сөз беріледі.

### III. Келген қонақтарды таныстыру.

#### 1-жүргізуші:

1. Ақиық ақынның сүйікті оқырмандары және газет-журнал редакторлары келіп отыр.

**2-жүргізуші:** «Әлқисса» ансамблінің орындауында күй «Әлқисса».

**1-жүргізуші:** «Ауылым Талғар бойында» әні орындалады. Мархабат!

**2-жүргізуші:** «Ғасыр ақыны». Кіріспе сөз кітапханашымызға беріледі.

**1-жүргізуші:** «Менің анкетам» өлеңін оқу үшін колледжіміздің үздік білім алушыларын шақырамыз.

#### 2-жүргізуші:

Мен – түн болсам, сен – таң болдың жана атқан,

Мені – қола, сені – шойын жаратқан.

Мен – ашу да, сен – ақылсың, нәрі аққан.

Сен – адамсың, мен – аждаһа зәр атқан!

Әлі екеуіміз аттанамыз сан жылға,

Күрсінбеші қуаныш көп алдында!

Күрсінбеші, жүрегімді тындашы!

Талай-талай кереметтер бар мұнда!

**1-жүргізуші:** Қонақтарға сөз беру. Бүгінгі кешімізге арнайы шақырылған құрметті қонағымызға сөз береміз.

**2-жүргізуші:** «Қара сазым» әні орындалады.

**1-жүргізуші:** «Есіңе мені алғайсың» әні орындалады.

**2-жүргізуші:** «Сәби болғым келеді» әніне кезек береміз. Қабыл алыңыздар.

**1-жүргізуші:** «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан үзінді. (Сахналық көрініс)

**Түрік биі орындалады.**

**2-жүргізуші:** «Үш бақытым» өлеңі оқылады. Қабыл алыңыздар!

#### 1-жүргізуші:

Табиғат, жанымды алсаң, алшы менің,

Бір түйір жерге түскен тамшы едің.

Мұқағали жоғалса, қайтер дейсің,

Артымда қалсын жерім, қалсын елім.

Кім білсін қаншама әлі шырқарымды,

Кім білсін қай күні сен қырқарыңды.

Мұқағали жоғалса, қайтер дейсің,

Жоғалтпасаң болғаны ұрпағымды!

#### 2-жүргізуші:

Қырқыншы ма,

Елуінші ғасырда.

Ғасырлар жиналып, ғасырлар съезін ашуда.

Өткен ғасырлар, жеткен ғасырлар жиналып,

Таңырқар сонда жиырмасыншы ғасырда.

Неге дейсіз ғой?

Неге десеніз,

Нағыз керемет осы ғасырдан басталған.

Ғасырымды менің,

Болашақ ғасырлар

Қонақ етуге таласар!

**1-жүргізуші:** Келген қонақтарға рахмет айта отырып, сөз кезегін мектеп директоры мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына беріледі.

**III. Кешті жабу. Музыкалық сәлемдеме.**

Күләнда Жақыпқызы  
РЫСБАЕВА,

Талғар медицина колледжінің  
қазақ тілі пәні мұғалімі.

Талғар ауданы,  
Алматы облысы.

# Шоқан – қазақтың жарық жұлдызы



**Гульрайруз  
ЕРБАТЫРОВА,  
№6 Шұбарқұдық  
негізгі мектебінің  
бастауыш сынып  
мұғалімі.  
Темір ауданы,  
Ақтөбе облысы.**

**Максаты:** Қазақтың ғұлама ғалымы – Шоқан Уәлихановтың өмірі және географ-саяхатшы, зерттеуші, суретші, тарихшы ретінде атқарған қызметтері туралы оқушыларға мағлұмат беру.

Оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал жасау, зерттеуге дағдыландыру, сөйлеу мәдениетін дамыту.

Көкше топырағында тәрбиеленіп, сұңқардай биікке самғаған, демократ ағартушы Шоқанның бойындағы алғырлық зеректік, ойшылдық, әдебиетке, өлеңге құмарлық сияқты асыл қасиеттерді оқушылардың санасына ұялату, халықтың сүйікті, адал перзенті бола білуге тәрбиелеу.

**Түрі:** конференция.

**Көрнекі құрал-жабдықтар:** Ш. Уәлихановтың портреттері, оның өнер туындылары, сөзжұмбақ, т.б. суреттер салынған слайдтар.

**Сабақ барысы:**

**Мұғалім:** Сонау бір тарихтың елең-алаңында бұдан 190 жыл бұрын казак

даласында қазіргі ғылым, мәдениет және қоғамдық өмірдің көптеген салаларының тұңғыш бастаушысы болған бала дүниеге келді. Баланың есімі – Мұхамед-Қанафия еді, бірақ ол әлемге Шоқан есімімен әйгілі болды.

Ұлы қазақ ғалымы, ағартушысы және демократы – Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов найзағайдай жарқ еткен өте қысқа, бірақ жарқын да мазмұнды оқиғаға толы ғұмыр кешті.


Бізге арнайы шақырылған қонақтар келіп отыр. Олар: тарихшы, географ-саяхатшы,

әдебиет зерттеуші, өнертанушы ғалымдар. Ал оқушылар, бүгінгі келіп отырған қонақтарға қоятын сұрақтарыңыз болса, қойып отырыңыздар. Бірінші кезекті тарихшыға береміз.

**Тарихшы:** Қазақ халқының ұлы ғалымы Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың кіндік қаны тамған жер – Құсмұрын бекінісінің ескі жұрты қазіргі Қостанай облысы, Семиозер ауданы. Шоқанның анасы – Зейнеп қазақша хат таныған, өз заманының көзі қырағы, адамгершілігі мол жан еді. Әжесі – Айғаным парасатты, терең ойлы, әрі көреген, білімді адам болған.

**Құсмұрын бекінісі, Сырымбеттегі Айғаным мекен-жайы (слайд)**

Енді Шоқанның шежіресіне назар аударсақ: (Абылай, Шыңғыс суретін слайдтан көрсету)



**Географ-саяхатшы ғалым: Шоқан** 1856 жылы көктемде атақты ғалым географ П.П. Семенов Тянь-Шанскиймен таныс болады. Бұл таныстық оның өміріне елеулі әсер қалдырады. 1857 жылы орыс географиялық қоғамының мүшесі болады.

**П.П. Семенов Тянь-Шанский суреті** (слайд)

**Шоқанның жасаған саяхаттары:**

1855 жылы	Алғаш ғылыми зерттеу жұмысы басталды. Алатау, Сарыарқа саяхаты. Орыс ғалымдарын қазақтың ауыз әдебиеті, салт-дәстүрімен таныстырды.
-----------	---

1856 жылы	Ыстықкөл, Құлжа саяхаты. Осы саяхатынан соң «Қырғыздар туралы» «Ыстықкөл саяхаты» еңбектері жарық көрді. Қырғыз халқының тарихын, ауыз әдебиетін, ән күйін зерттеді. «Манас» жырын жазып алады.
1858-1859 жж.	Орта Азияны зерттеуге аттанды. Қытайдың батыс провинциясы «Алты шаһарды», яғни Қашқарияны, оның тарихын, әдет-ғұрпын, табиғатын зерттейді.

**Карта көрсетіледі (слайд)**

**Әдебиеттанушы ғалым:**

Шоқан – қазақтың бай ауыз әдебиетін зерттеген. Оның еңбектері:

«Қазақ поэзиясының түрлері»;

«Қозы-Көрпеш Баян сұлу» ғылыми түйін жазған;

Қырғыздың «Манас» жырын жазып алған, әдеби талдау жасаған;

«Қазақ шежіресі»;

«Қазақ халық поэзиясының түрлері жайында»;

«Қазақтардағы шамандықтың қалдығы»;

«Қырғыз-қайсақтардың үлкен ордасына қарасты елдердің аңыз, әңгімелері, т.б.»;

«Манас» жырының, «Көкөтай ханның өлімі және асы» деген үзіндісін орыс тіліне аударған;

**Өнертанушы ғалым:** Шоқанның 150 сурет туындысы бар, 14 күйдің шығу тарихын зерттеген.

Слайдтардан Шоқанның салған суреттері көрсетіледі.

**Көрініс:** С. Бегалин «Мүсінші Мысық»

**Оқушылардың сұрақтары.**

**Мұғалім:** Біз Шоқанды әр түрлі қыр-сырынан танып білдік.

Сонымен, балалар Шоқан туралы білгенімізді жинақтайық. Шоқан кім?

**Мұғалім:** 1865 жылы 22 сәуірде қазіргі Жетісу облысы Алтынемел жотасының етегіндегі Көшен тоған деген жерде, Тезек төре аулында қайтыс болады. Сол жылы Шоқан қайтыс болғаннан кейін еңбектерін түгелдей жарыққа шығаруға орыс географиялық қоғамы шешім шығарды.

**Мұғалім:** Шоқан есімі бүгін де ұмытылған жоқ. Шоқан өмірі – үлгі, өнеге. Ол туралы 1985 жылы «Шоқан Уәлиханов» атты 4 сериялы көркем фильм жасап шығарылды, көшелерге Шоқан есімі берілді, ескерткіштер орнатылды. *(Слайдтан көрсету)*

**Мұғалім:** Зерттеуші ғалымдар пікірі: *(слайд)*

Шоқан туралы жақын досы К.Н. Потанин:

«Шоқан басқа жолдастары үшін де, мен үшін де «Еуропаға қараған терезе болды», - деген екен.

«Қазақ жері талай ғұламаларды дүниеге әкелді. Өздерінің барлық ізгі тілектерін жас жеткіншектердің ұлттық дүниетанымын қалыптасуына, дамуына арнаған ағартушыларымыз – Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев. Халықтық дүниетанымы өзен болса, ал үшеуі сол

өзенге құйған үш саласындай. Олар кең Қазақстанның шалғай жатқан өлкелерінен шықса да, үшеуі бір тұнғандай сезілетін асыл жандар. Бұл үшеуі заманында надандық түнегі басқан қараңғы сахарадан шыққан алғашқы елшілер, ізденушілер еді». М. Әуезов.

«Шоқан тұлғасы таусылмайтын сырға бай, ғажайып тұлға ғой. Кейде өзіңмен өзің болып ой кешіп отырғанда, Шоқан өмірде рас болды дегенге сеніңкіремейтінім рас. Келте ғұмырына соншалықты мол еңбекті қалай ғана сыйдырған десеңізші?...» Ш. Айтматов.

Бүгінгі сабағымызды қорытындылай келе «Уәлиханов» сөзжұмбағын шешейік:

1. Шоқан ескерткіші бар қала (Көкшетау)
2. Шоқанның атасы (Уәли)
3. Шоқан қайда саяхат жасады? (Құлжа)
4. Шоқанның жан досы (Потанин)
5. Шоқанның шын аты (Мұхамед-Қанафия)
6. Шоқанның әжесі (Айғаным)
7. Шоқан жазып алған қырғыз жыры (Манас)
8. Шоқан оқып, білім алған қала (Омбы)
9. Шоқанның географ досы (Семенов)

**Мұғалім:** Тәрбие сағатымызды Шоқанның сөзімен аяқтағым келеді. «Халықтың кемеліне келіп өркендеуі үшін ең алдымен азаттық пен пен білім керек».

# Тарлан талант

**Мақсаты:** Тайыр Жароковтың өмірі және шығармаларымен таныстыру. Ақын шығармаларын оқырмандарға насихаттай отырып, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру.

**Көрнекілігі:** кітап көрмесі, слайд.

**Кітапханашы:** Ақ Жайық өңіріндегі қаламгерлердің алдыңғы толқынында Тайыр Жароков тұр. Жалпы қазақ поэзиясына біздің киелі өлкеден Тайыр, Жұбан, Қадыр мен Қайрат ағаларымыз, Ақұштап апамыз секілді бір топ аға-ұрпақ үлес қосты.

**1-жүргізуші:** Тайыр Жароков 1908 жылы 26 қыркүйекте Батыс Қазақстан облысының Орда ауданына қарайтын Жетібай ауылында, Нарын құмының етегіндегі Темірбек деген жерде дүниге келген. Алғашқы өлең жинағы «Жұлдыз жарығы» деген атпен басылып шықты. «Тасқын», «Тастағы жазу», «Құмдағы дауыл» деген сияқты кітаптары жарық көрген. Көптеген туындыларды аударды. Сонымен қатар Тайыр Жароков кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің поэма жанрның өркендеуіне елеулі үлес қосқан эпик ақындардың қатарында болды. Ол жиырмаға жуық поэма жазды.

**Ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған слайдты көрсету.**

**2-жүргізуші:** 1941-1945 жылдары ол өзінің кара басының жеке өмірімен де, жүрегінен жарып шыққан буыр-



Тайыр Жароков  
(1908-1965)  
А. Қ. М. Н.

қанған отты, жігерлі өлендерімен де отансүйгіштігін көрсетті, перзенттік сезімін жырлады. Әдебиетке өткен ғасырдың 20 жылдарының аяғында, 30 жылдарының басында келіп, шығармалары орыс және ТМД халықтары (өзбек, тәжік) сондай-ақ, ағылшын, неміс, поляк тілдеріне аударылып, шет елдерде де кең тараған. Тайыр Жароков ауқымы кең ақын. Ол туған елі Қазақстанмен қатар, сол тұстағы бүкіл Кеңестер одағын мекендеген көптеген ұлттардың жарқын өміріне жақсы өлендерін арнады.

**1-жүргізуші:** Мәселен, украин туралы жырларында украин халқының даңқты перзенттері Богдан Хмельницкийді, Тарас Шевченконы өз халқының туған перзенттеріндей шын пейілмен сүйген ақынның сезімін танымау мүмкін емес.

Сенің отты өлеңің қол бұлғап бір —  
Кең даламның үстінде күй толғап тұр,

Абай жырын тындағандай Днепр,  
Тарас жырын кәрі Каспий тындап тұр — деп, тебіренеді ақын. Грузияның көркем бау-бақшаларын, толқынды Кура, Арагвасыи, бұлтпен таласқан Қазбек, Эльбрус тауларын сүйсіне жырлаудың өзінде грузин халқына деген қазақ елінің, достық сезімі жатыр. Өзбек пен қазақтың тарихи достығын: Дутармен шегі жалғас домбыраның, Күйіне қосса қазақ қоңыр әнін,

Сол әнге өзбек қызы кетсе билеп,  
 Кеудеге көк кептерді қондырамын!  
 - деп, әдемі бейнелейді.

Қырғыз бен қазақ елдерінің тамыры тереңге кеткен ұлы достығы туралы Тайыр Жароков өлеңдерін қазақ поэзиясындағы достық жырларының шынайы көрінісі деп білген жөн.

Мейман емен, Қырғыз – менің өз елім,

Өз еліне – кісі мейман бола ма?

Ақын қырғыз жырласа да әр сөзін

Ырғақтары секілді бір өз үнім! –

**2-жүргізуші: Ақынның «Құрыш құюшы» балладасы.**

**Балладаның негізгі идеясы қандай?**

1) Халықтың дәстүрлерін сақтау;

2) Еңбек арқылы табиғатты игеру;

**(Дұрыс жауап)**

3) Табиғатқа табыну;

4) Өнер мен ғылымның маңыздылығы.

**Балладада суреттелетін еңбеккердің негізгі қасиеті қандай?**

1) Бірлік пен қажырлылық; **(Дұрыс жауап)**

2) Білімге ұмтылу;

3) Өнерге қызығушылық;

4) Достық пен махаббат.

**«Қазанынан құрыш болат құйып тұңғыш тіккен отау» деген үзінді нені білдіреді?**

1) Табиғат пен адам арасындағы үйлесімді;

2) Тарихи қиындықтарды;

3) Табиғаттың өзгермейтіндігін;

4) Еңбек арқылы жеткен жеңіс. **(Дұрыс жауап)**

**Балладада қандай өндіріс түрлері суреттеледі?**

1) Егіншілік пен балық аулау;

2) Мал шаруашылығы;

3) Өнеркәсіп пен құрылыс; **(Дұрыс жауап)**

4) Сауда мен қолөнер.

**Балладада қандай тарихи кезең суреттелген?**

1) Тың игеру кезеңі;

2) Социалистік индустрияландыру;

3) Қазақстанның тәуелсіздік алуы;

4) Ұлы Отан соғысы жылдары. **(Дұрыс жауап)**

**«Құрыш құюшы» балладасының негізгі тақырыбы қандай?**

1) Табиғат пен поэзия;

2) Әлеуметтік теңдік;

3) Махаббат пен достық;

4) Индустрияландыру мен еңбек. **(Дұрыс жауап)**

Студенттер **Т. Жароковтың «Күз»** өлеңін мәнерлеп оқиды.

**1-жүргізуші:** «Тайыр Жароков әлеміне саяхат» атты интерактивті ойындарды оқырмандар мен студенттер арасында ойнатайық.

**1-кезең: «Сәйкестендір»**

Берілген өлең атауын мазмұнымен сәйкестендір.

**Өлең атауы**

**Мазмұны**

1. «Орда»

А. Ұлт-азаттық

күрестің күрескері

2. «Шүйінші»

В. Күркіреп

күндей, өтгі

ғой соғыс...

3. «Махамбет

С. Қаламгердің

туралы аңыз»

туған жерін

суреттеуі

**2-кезең: «Қай өлеңнен үзінді?»**

Мына жол қай өлеңнен алынған?

«Таңғалады жер жүзі»

а) «Ақын»;

б) «Қазақстан»;  
г) «Өмір туралы».

Дұрыс жауап: б) «Қазақстан» өлеңі.

**3-кезең: «Бос орынды толтыр»**

Тиісті сөздерді қой:

Тайыр Жароков – қазақтың көрнекті \_\_\_\_.

Оның өлеңдері көбіне \_\_\_\_, патриоттық тақырыпта жазылған.

Ақынның шығармаларында \_\_\_\_ бейнелеу басым.

Жауабы:

1 – ақыны;

2 – елдік, ерлік;

3 – табиғат пен адам сезімін.

**4-кезең: «Дұрыс/Бұрыс»**

Тайыр Жароков поэмалар да жазған. (Дұрыс)

Ақынның шығармалары тек махаббат тақырыбында. (Бұрыс)

Ол – қоғам өміріне белсенді араласқан қаламгер. (Дұрыс)

**Кітапханашы:** «Тарлан талант» атты бұл кештен поэзияның зеңгір көк аспанында қазақтың Жароковтай асқақ ақынының өмірі кешегі күнде болғанымен, өлеңдері бізбен бірге жасай береді.

**Пайдаланылған және кітап көрмесіне ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

**Кітаптар:**

1. Жароков, Т. Таңдамалы шығармалар. 4 томдық: өлеңдер мен поэмалар (1927-1937) / құраст.: С. Сейітов. – Алматы: Жазушы, 1972. – 1 том. – 376 б.

2. Жароков, Т. Күн тіл қатты: өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2007. – 256 б.

3. Жароков, Т. Таңдамалы: 1 том. – Алматы: Ана тілі, 2008. – 246 б.

4. Тайыр Жароков: өмірдерек // Қазақстан: ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2001. – 3 том. – Б. 585-586.

5. Жароков: өмірдерек // Батыс Қазақстан облысы: энциклопедия. – Алматы, 2002. – Б. 272-273.

6. Биікке самғайтын құс: естеліктер, төлтуындылар, арнау өлеңдер / құраст.: С. Сүлейменов, Д. Сүлейменова. – Орал: «Полиграфсервис» ЖШС, 2013. – 260 б.

**Мақалалар:**

7. Елекенов, Е. «Екі есім – екі тағдыр»: облыстық тарихи-өлкетану музейінде жазушы Хамза Есенжанов пен ақын Тайыр Жароковтың туғанына 110 жыл толуына орай іс-шара өтті // Орал өңірі. - 2018. - 29 қыркүйек. - Б.6.

8. Хамзақызы, М. Тарлан талантқа тағзым [Мәтін]: [Көрнекті ақын, екі мәрте «Еңбек қызыл ту» және «Құрмет» белгісі ордендерінің иегері, ақын Тайыр Жароковтың 110 жылдығына арналған шара] / М. Хамзақызы // Жайық үні. - 2018. - 13 желтоқсан (№49-50). - Б.8.

9. Бияшева, Г. Жайық жұрты «Тарлан талантын» еске алды [Мәтін]: [Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар көрнекті ақын Тайыр Жароковтың туғанына 110 жыл] / Гүлсезім Бияшева // Орал өңірі. - 2018. - 13 желтоқсан (№144). - Б. 6.

**Айнагүл ҚҰБАШЕВА,**  
**Орал қалалық кітапханалар**  
**жүйесінің библиографы.**  
**Орал қаласы,**  
**Батыс Қазақстан облысы.**

# Мұзтаудың мұз балағы – Оралхан Бөкеев

**Шараның мақсаты:** қазақ халқының біртуар дарынды тұлғасы, қоғам қайраткері, жазушы – Оралхан Бөкейдің өмірі мен шығармашылығынан мәлімет беру, әңгімесін талдау арқылы қызығушылықтарын арттыру.

**Көрнекілік:** жазушының суреті, «Оралхан Бөкей – Алтайдың асқақ жыршысы» тақырыбында кітап көрмесі, шығармалары.

**Кітапханашы:** Қайырлы күн құрметті кітап сүйер қауым! Біз сіздермен білім нәрімен сусындатқан кітапханада О. Бөкеевтің 82 жылдық мерейтойына байланысты өткізгелі отырған шарамызда ақын өмірі, шығармаларымен жақын таныспақшымыз, сонымен қатар бірнеше шығармаларын талдаймыз.

Қазақтың көрнекті қаламгерінің бірі Оралхан Бөкей 1943 жылдың 28 қыркүйегінде Шығыс Қазақстан облысының Қатонқарағай ауданындағы Шыңғыстай ауылында дүниеге келген. О. Бөкейдің әкесі Бөкей көп сөйлемейтін, сөйлей қалса сөзі өткір, қанжардай қиып түсетін, сөзге шешен, астарлап сөйлеп өз ойын дәл жеткізетін, рухы мықты, жаны таза адам болған. Анасы Күлия көреген, ділмар, аузын ашса көмейі көрінетін ашық кісі болған. Үнемі топ бастап жүретін, қажет жерінде қиыннан қиыстырып өлең де шығарған. Керемет дауысы бар әнші деседі. Отбасында бір ұл – Оралхан, бес қыз – Шолпан, Аймен, Ләззат,

Мәншүк, Ғалия. Оралхан дүниеге келгенде сұрапыл соғыс жылдары болғандықтан, әкесі Оралға еңбек майданына аттанған кез болатын. Анасы Күлия әкесі еңбек майданынан аман-есен оралсын деп ырымдап, сәбидің атын Оралхан деп қойған екен.

**О. Бөкей өмірінен қысқаша бейне баянды қараймыз.**

**1-оқушы:** О. Бөкей 1961 жылы Шыңғыстаудың Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы орта мектебін тамамдап, сонда пионер вожатыйы, кейін. «Алтай» кеңшарында тракторшы болып еңбек еткен. 1968 жылы Қазақ мемлекеттік университетін тамамдап, өз өңіріндегі Большенарым ауданында «Еңбек туы» және Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» газеттерінде тілшілік қызметтер атқарды. Ара-тұра Алматыдағы «Лениншіл жасқа» мақала очерктерін жіберіп тұрады. Қаламы жүйрік, ойлары отты, жалынды жасты газеттің сол кездегі бас редакторы Шерхан Мұртазаның қырағы көзі қалт жібермеді. Сөйтіп 25 жастағы журналист О. Бөкеев Алматыға келіп, «Лениншіл жас» (бүгінгі «Жас Алаш») газетінде әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі болды. Публицистикаға даңғыл жол осылай ашылды. Бұдан кейін «Жұлдыз» журналының проза бөлімінде (1974-1983) қызмет атқарды. 1983 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде бас редактордың орынбасары болды. 1991 жылдың қазан айында

О. Бөкей «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторлығына тағайындалады. Бұл газетте өзінің өшпес қолтаңбасын қалдырады. Сол қолтаңба – өзгерістер мен жаналықтар, жаңа айдарлар өзінің өміршеңдігімен ерекшеленеді.

**2-оқушы:** О. Бөкейдің шығармалары: «Қамшыгер», «Мұзтау», «Біздің жақта қыс ұзақ», «Өз отынды өшірме», «Атау кере», «Қар қызы», «Жылымық», «Жасын», «Сайтан көпір», «Ұйқым келмейді», «Бәрі де майдан үшін», тағы да басқа көптеген шығармалары бар.

Кітапханашы.

«Айналайын Алтайым, осы құдіретіңнен, осы келбетіңнен, осы гүліңнен, осы жұпарыңнан айырылып қала көрме, өйткені мен сені сүйемін, өйткені мен сенің перзентіңмін, өйткені жаһанда саған жетер салтанатты жер жоқ». Себебі туған жерге жетер, туған жерден ыстық жер жоқ. Өз туған жеріміз, оның дана азаматтарын білу парыз. Оралхан Бөкей тек одақ көлемінде ғана емес, шет елге де кеңінен таралған. Ол көзінің тірісінде-ақ бір ұрпақтың сүйікті жазушысына айналған. Қазақстан Жастар Одағы мен Республика Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты атанған бұл үлкен суреткердің шығармашылық мұрасы – баға жетпес қазына, байлық.

**Енді 3 топқа бөлініп жұмыс жасаймыз.**

1-топ. Жазушының өмірбаяны туралы.

2-топ. Жазушының шығармашылығы.

3-топ. Жазушының атақ-даңқы, деректемелер туралы айтып береді.

*Келесі кезекті сұрақтарға берейік.*

1. О. Бөкей қай өлкеден?

2. О. Бөкейді өлім аузынан қалай және кім алып қалған?

3. О. Бөкейдің «Қайдасың қасқа құлыным» шығармасының осылай аталуы неліктен?

4. О. Бөкейдің еңбектерінен қай шығармасын оқыдың?

5. О. Бөкей шығармасынан қысқаша үзіндіні баяндап, мәлімет айту.

6. «Өз отынды өшірме» романын талдау, т.б. сұрақтар қойылады.

**Қорытынды.**

**Кітапханашы:** Түйіндей келгенде, өмірден ерте кеткен артына мол әдеби мұра қалдырған Оралхан Бөкей ұлттық әдебиетіміз бен көркемөнерімізде өзіндік орны бар ірі суреткер. Жазушының адам сезімінің тұңғышына, жан дүние тереңіне, ой-арманына үнілген шығармалары туған халқымен бірге жасасып, оның рухани игілігіне қызмет ете береді. О. Бөкейдің прозасы қайырымдылық пен зұлымдықтың тартысын көркем бейнелейді. Қай шығармасын алсаңыз да, өмірге деген құштарлық, өмірді жақсартуға деген ұмтылыс жеңіп шығады. Қаламгердің кітаптары неміс, словак, болгар, ағылшын, венгр, араб, қытай, жапон және ТМД елдерінің тілдерінде жарық көрді. Сондықтанда кітап сүйер оқырман О. Бөкейдің шығармаларын бірге оқи жүрейік.

**Гулмира УТАРБАЕВА,  
Ақтөбе қазақ-түрік лицейі  
кітапхана меңгерушісі.  
Ақтөбе қаласы.**

# Қош, сүйікті Әліппе

**Қымбатты, ата-аналар мен ұстаздар!**

Бүгін елдігіміз ескеріліп, егеменді ел болған, тәуелсіз еліміздің болашақ өскелең ұрпағы 1-сынып оқушыларының алғашқы сауатын ашқан кітабы сүйікті Әліппесімен қоштасқалы отыр. Олай болса, бүгінгі мерекелеріңіз құтты болсын!

**1-жүргізуші:** Қайырлы күн, халайық!

**2-жүргізуші:** Армысыздар ата-аналар мен ұстаздар! Әліппемен қоштасу тойы құтты болсын!

**Мұғалім:**

Мектебің мынау класың,  
Осында 11 жыл тұрасың.  
Тарыдай болып кіресің,  
Таудай болып шығасың.

**«Сәлем саған мектебім» хормен айтылады.**

**1-жүргізуші:**

Шашу, шашу шашайық,  
Ақ сандықты ашайық.  
Бұл мереке бұл тойдың,  
Бастамасын жасайық.

**2-жүргізуші:**

Уа, халайық, халайық,  
Мұнда назар салайық.  
Әліппемен қоштасу

Кешін тамашалайық!

**1-оқушы:**

Ең алғашқы алғанымда әліппені,  
Қызығып қарай бердім әріптерді.  
Мен үшін жұмбақ сыр боп, қалар ма еді,  
Ұстазым оның кілтін алып берді.

**«Жарқын жүзді ұстазым» әні хормен орындалады.**

**Мұғалім:**

Жеміске құты тола ма,  
Бір-бірлеп теріп алмасаң?  
Әп-сәтте шыға қоя ма,  
Еккен дәнің ойласаң?  
Білім де сондай, қарағым,  
Біртіндеп сіңер ойыңа,  
Ұғып ал білім боларын  
Шам-шырағың жолыңда,  
Көлге ойнаған бұлақтың  
Қайнар көзін көріп пе ең?  
Том-том болған кітаптың  
Басы болған «Әліппен», - деп Мұзафар Әлімбаев ағаларымыз жырлағандай, бұл білімнің, ғылымның алғашқы жолы ғана.

**2-оқушы:**

Бар кітапқа бас болған,  
Әліппе – ғылым анасы.  
Әліппеден басталған,  
Даналықтың данасы.

**3-оқушы:**

Үйретті бізді әліппе,  
42 дербес әріпке.  
Сөз, сөйлем құрап әріптен,  
Лайық болды дәріпке.

**4-оқушы:**

Іліппем, менің әліппем,  
Сені қолға алып мен,  
Есігін аштым мектептің  
Ертеңгі сәуле жарықпен.

**5-оқушы:**

Ашыла берді алдымнан,  
Кең дүние есігі.

Соғылған сомдар алтыннан  
«Әліппе» – білім бесігі!

**1-жүргізуші:**

Кімдер зерек, кім тапқыр,  
Таланттарын табайық.  
Білімді қарсы алайық, бәріміз қол  
соғайық.

**Білім:**

Күн нұрындай білімнің,  
Күнімен мол білімнің,  
Құттықтаймын, достарым,  
Құтты болсын ұлы күн,  
Берем алғаш кезекті  
Әліппеге әлбетте.

**Бәрі бірге:**

Болашаққа жол ашар,  
Ол сүйікті Әліппе  
Ол сүйікті Әліппе.

**Әліппе:** Балалар, сендер мені оқы-  
дыңдар, сонда сендер менен не үйрен-  
діңдер?

**6-оқушы:** Жұмбақ, жаңылтпаш, са-  
намақ, өлең, ән үйрендік. Енді кез-  
келген кітапты өзіміз оқи аламыз.  
Ыбырай, Абай аталарымызбен таныс-  
тық.

**7-оқушы:** Ыбырай Алтынсарин —  
қазақтың аса көрнекті ағартушысы,  
қазақ балаларын тұңғыш оқуға ша-  
қырған.

Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге  
Ықыласпен тоқылық!

**8-оқушы:**

Абай қазақ халқының ұлы ақыны.  
Әсемпаз болма әрнеге,  
Өнерпаз болсаң арқалан.  
Сен де бір кірпіш дүниеге  
Кетігін тап та, бар қалан.

**Әліппе тапсырмалары:**

Балалар, сендер менен оқуды, жазу-  
ды жақсы игеріпсіңдер. Мен сендерге  
ризамын.

**Мұғалім:** Біз 4 ай бойы еңбек еттік.  
42 әріпті түгел жаттап алдық. Оқуды,  
жазуды, санауды үйрендік.

«Әліппемен қоштасу» тек біздің  
мектепте емес, бүгін біздің еліміздің  
сендер сияқты мыңдаған балалары да  
Әліппе кітабын бітіргендерін тамаша-  
лауда.

**9-оқушы:**

«Әліппе» деген — алтын жол,  
Апарар сені алысқа ол.  
Жеңіл емес, ауыр жол  
Тырмысып бақ намысқа.

**10-оқушы:**

Әліпбидің «А» тұрады басында,  
Әрқашанда «Ә» тұрады қасында.  
Байқадың ба,  
«Б» тұрады үшінші,  
Ал, осының сыры неде түсінші?

**11-оқушы:**

«А» деген ол — Аналар ғой ардақты,  
«Ә» деген ол — Әкелер ғой салмақ-  
ты.

«Б» деген ол — Балалар ғой әдемі...

**12-оқушы:**

Алшақ кетпей,  
Сондықтан да  
Тұрады олар  
Әліпбидің басында.

**Хормен «Әліппе» әні орындалады.**

**Әліппе:** Ал, балалар, сендермен  
қоштасатын да уақыт жеткен сияқ-  
ты. «Ана тілі» оқулығын да ренжітпей  
жақсы оқуларыңа тілектеміз. Қош,  
сау болыңдар!

**Оқушылар:** Қош бол, сүйікті Әліппе.

**13-оқушы:**

Қош бол, құтты Әліппем,  
Көп нәрсені үйреттің.  
Таныстырып әріппен,  
Тақылдатып сөйлеттің.

**14-оқушы:**

Оқуды көп ойладық,  
Қызығына тоймадық.  
Әріптерді үйреніп,  
Сауат аштық, тойладық.

**15-оқушы:**

Барлық әріп бағалы,  
Айттық әділ бағаны.  
Әріпсіз сөз болмайды,  
Буын онсыз толмайды.  
Адам барлық әріпті,  
Ардақтайды, қолдайды.

**16-оқушы:**

Оқитын әрі жазатын,  
Білімге қол созатын.  
Оқушы болдың сауатты,  
Білімнің кілтін ашатын.

**17-оқушы:**

Күндерге күндер ұласып,  
Жылжып жылдар сырғыпты.  
Ойдағыдай бітірем,  
Мен бірінші сыныпты.

Әліппемен қатар математика сабағын да меңгерудеміз. Олай болса, **математика** кітабын ортаға шақырайық.

Математика пәнінің сұрақтары.

**18-оқушы:**

Білем талай гәп барын:  
Мақтанарым,  
Мақтарым,  
Болды кейбір баламен  
Шекіскен де шақтарым.

**19-оқушы:**

Болды кезім мақтанған,  
Болды кезім ұқпаған.  
Болды кезім  
Ұстаздың  
Ойынан да шақпаған.

**20-оқушы:**

«Әліппе» даңғыл жол ашты,  
Жаңадан пәндер жалғасты.  
«Әліппе» сырын ұқтырған,  
Рахмет ұстаз, алғашқы.

*«Мұғалім ол біздің» бәрі хормен айтады.*

**Мұғалім:** Сонымен қатар біздің жақсы оқуымызға көмектескен аяулы аналарымызға мың алғыс!

**21-оқушы:**

Жарқын жүзді жан анам,  
Сендей болсын бар адам.  
Сендей болса, бар адам,  
Шаттық кетпес баладан.

*«Аяулы анашым» әні орындалады.*

Ертеңгілік соңында ата-аналарға, ұстаздарға құттықтау сөз кезектерін беру.

Ертеңгілігімізді көңіл қойып тыңдандарыңызға көп рахмет.

**Ақшагүл Қайсарқызы  
АБІЛҚАСОВА,  
№2 орта мектептің бастауыш сынып  
мұғалімі.**

**Мұғалжар ауданы,  
Қандыағаш қаласы,  
Ақтөбе облысы.**

## Ас атасы – нан

**Тәрбие сағатының мақсаты:** оқушыларға нанның дастарханға қалай келетінін, оған көптеген адамдардың еңбек сіңіретінін түсіндіру. Еңбек адамдарын сыйлай білуге, қасиетті тағамымыз – нанды қастерлеуге үйрету.

**Көрнекілігі:** сюжетті суреттер, нақыл сөздер.

**Барысы:** Ұйымдастыру кезеңі.

Ардақты нан! Ана мінез асыл нан,

Жеп үйренген жаным сүйіп жасым-нан.

Бір күлшенді мың есе артық деп едім,  
Бар дүниенің інжу-гауһар тасынан.

**Көрініс:** «Нан дастарханға қалай келеді?»

**1оқушы:**

Желкілдеген желменен,  
Жерді егін тербеген.  
Өсіреді дихандар,  
Тамшылаған терменен.

**2-оқушы:**

Кең-жазира теп-тегіс,  
Тербеледі нұрланып.  
Толқынданған көк теңіз,  
Егін жатыр ырғалып.

**3-оқушы:**

Көзді тартып қиырдан,  
Көңіліңді ашады.  
Күн нұрына тойынған,  
Кере қарыс масағы.

**4-оқушы:**

Комбайншы ағайын,  
Орады егіс жайқалған,  
Атанып жүр әрдайым,  
Еңбек ері майталман.

**5-оқушы:**

Нан болмаса бағыңның кетері бар,  
Нанмен ғана өмірдің өтері бар.

Жолда жатса егер де бір үзім нан,  
Арланбай-ақ, сен оны көтеріп ал.

**6-оқушы:**

Елді ырысқа бөлеген,  
Ән – өмірің, ән – өлең.  
Ержеткен соң жер жыртып,  
Егін салып, дән егем.

**Көрініс:** «Қуыршақ пен бауырсақ»

Дастарханда шашылып,  
Жатты аппақ бауырсақ.

Бауырсаққа қызығып,  
Қарап тұрып көзін сап.

– Қайдан келдің, бауырсақ?

Деп сұрады қуыршақ.

– Дүкеннен келдім нан сатқан,

Наубайдан келдім нан жапқан.

– Наубайға келдің қай жақтан,

Диірменге келдің қай жақтан?

– Диірменнен келдім ұн тартқан,

Даладан келдім жан-жақтан.

Жер-Анам менің көсілген,

Дихандар мені өсірген.

Арғы жағым ақ бидай,

Тәттімін жеп көр, бақшимай.

Жесең өзің байқарсың,

Және рахмет айтарсың.

**Көрініс:** «Нан қоқымын шашпандар».

Ас біткеннің ардақты атасы – нан,

Нан көрінер әр астың арасынан.

Қоқымын да түсірмей қорға оны,

Артық көріп көзіңнің қарасынан.

**Қорытынды сөз.**

Айгүл ӘБДИЕВА,

М. Мақатаев атындағы №13 орта

мектептің

бастауыш сынып мұғалімі.

Іле ауданы,

Алматы облысы.

# Тапқыр достар

**Мақсаты:** оқушылардың ойлау, сөйлеу қабілетін арттыру, шешендік өнерге қызығушылығын дамыта отырып, ой-өрісінің артуына ықпал ету, теориялық білім негіздерін қалыптастыру.

**Көрнекілігі:** жазбаша конверттер, суреттер.

**Барысы:** I. Ұйымдастыру;

II. Оқушыларды 2 топқа бөлу.

**Сайыстың кезеңдері:**

**1. «Таныстыруы».** Топтың аты және өздерін таныстыруы;

**2. «Сөз тапқанға қолқа жоқ».**

**Шарты:** Әр топқа әріп беріледі. Топ мүшелері сұрақтарға сол әріптен басталатын сөзбен жауап қайтарады.

**Әріптер: I топқа – А, Ш, Қ.**

Толық жауап – 10 ұпай.

**II топқа – Е, С, Н**

Толық емес – 5 ұпай.

**Сұрақтар:**

**I топ**

1. Қар қашан жауды?

2. Қыстың соңғы айы?

3. Қар жана ма?

4. Қоян неліктен қыста ақ болады?

5. Ет жемесең, түсіңе кіре ме?

6. Тауық таң атпай неге айқайлайды?

7. Бүгін кімнің туған күні?

8. Сағызды мысық кімге берді?

9. Қағазға қарамай баяндауға бола ма?

10. Түркістан қай мемлекетте орналасқан?

11. Бәйтеректің басына қандай құс ұя салады?

12. Қазақ ертегілері қалай басталады?

13. Көп ойнаған жылайтыны несі?

14. Сөйлем мүшелерінің таласы неліктен?

15. Қарға неге жем жерде қаңқылдайды?

16. Туымыздың түсі неге көк?

17. Әнші болғың келе ме?

18. Иық селкілдесе не болғаны?

19. «Дарын» деген сөзде неше дыбыс бар?

20. «Шық бермес Шығайбайсың» ғой?

**II топ**

1. Жаздың келетіні неден белгілі?

2. Ақтауға дейін неше шақырымды жүріп өтесің?

3. «Қызыл кітапқа» дала тышқандарын жатқызу оңай ма?

4. Бүгінгі сайысқа дайындығың қандай?

5. Алдар Көсені үйге кіргізесің бе?

6. Әзілдесе несі бар?

7. «Шырағым, шығып кет» деген сөйлем жай сөйлем бе?

8. Барар жеріңе қалай жетесің?

9. Қоян қорқақ, кім батыр?

10. Атам мен әжем әңгімешіл ме, ертегішіл ме?

11. Нағыз қазақ қазақ емес,.....

12. Сот жүйесінде әділдік бар деп ойлайсың ба?

13. Қорадағы тауықты кім әкетті?

14. Түнгі 12-де кім екен есік қаққан?

15. «Жарайсындар, азаматтар» деп кімге айтсам екен?

16. Тонды неге отқа тастайды?

17. Сыбырлағанды құдай ести ме?

18. Жарасымды жұп деп кімді айтамыз?

19. Көрмес кімді көрмейді?

20. Оқи берсең, кім боласың?

**3-кезең. «Сен білесің бе?»**

**Шарты:** Конверттегі сұраққа жауап беру. Әр жауапқа 1 минут топқа беріледі.

**Оңай сұрақтар – 5 ұпай**

1. Абай Лермонтовтан неше шығарма аударған? (27)

2. Копенгаген – қай мемлекеттің астанасы? (Дания)

3. «Батпан» қандай ұғым? (Салмақ – 10 пұт x 16 кг = 160 кг)

4. Қай жылы Есім хан хан болып, Қазақ ордасын басқарды? (1598-1643)

**Орташа сұрақтар – 10 ұпай**

1. Абылай ханның жасырын есімі (Сабалақ)

2. М. Әуезовтың өмір сүрген жылдары (1897-1961)

**Қиын сұрақтар – 15 ұпай**

1. 1835 жылы кім дүниеге келді? (Шоқан)

2. «Социалистік Еңбек Ері» атағына ие болған жазушы? (Ғабит Мүсірепов)

**Тосын сұрақ.** «Шешендік сөз» әңгімелеп бер.

**4-кезең: «Ойлан, тап!»**

**Шарты:** Қағазға жазылған жасырын сөзді қимылмен көрсету.

**I топ:** Арыстан. Шаң. Пошта тараушы. Мотоцикл.

**II топ:** Кенгуру. Бу. Диктор. Поезд.

**5-кезең «Өнерпаз болсаң...»**

**Шарты:** Тірек сөз беріледі, сол сөзден басталатын не ішінде сол сөз бар ән айту.

**I топ:** 1. Дариға....

2. Қайда жүрсем.....

3. Құста болғым....

4. Асау өмір.....

**II топ:** 1. Сонда сен мені.....

2. Сағындым.....

3. Жазира жасыл....

4. Енді қару....

**6-кезең «Шешен адам сөз бастар»**  
(3 минут дайындық)

**Шарты:** 2 топқа жасырын 1 тақырып беріледі.

Сол тақырып бойынша өзінің сөйлеу, ойын жеткізу, мәтін құрау, ауызша айту

**I топ:** «Ғылым таппай мақтанба». Абай Құнанбаев

**II топ:** «Әркімнің туған тілі – туған шеше. С. Мұқанов

**III. Сайысты қорытындылау.** Топтарды марапаттау.

**Анар ТӨЛЕУОВА,**  
**Жалау Мыңбаев орта мектебінің**  
**қазақ тілі мен әдебиеті пәні**  
**мұғалімі.**

**Түпқараған ауданы,**  
**Маңғыстау облысы.**

# Жаңа жылдық ертеңгілік



**Қарагөз  
Жанбатырқызы  
ҚАСЫМОВА,  
№15 «Әсел»  
балабақшасының  
педагог-  
ұйымдастырушысы.  
Көкшетау қаласы,  
Ақмола облысы.**

**Тәрбиеші:** Қымбатты балалар, ата-аналар, балабақша ұжымы Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз. Өмірлеріңізге шаттық, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға ынтымақ бірлік тілейміз.

Жаңа жыл келді міне жерімізге,  
Әкелсін құт береке елімізге.

Жақсылық пен қуаныш жылы болып,

Қиындықты жолатпасын бәрімізге.

«Сәлем саған, Жаңа жыл!» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

- Балалар, сендер бүгін сәнді киініп әдемі болып кетіпсіңдер. Мына жерде джунглидің барлық аңдары, сүйікті ертегілеріміздің кейіпкерлері жетіпті. Ал бүгін бізде қандай мереке?

**Балалар:** Жаңа жыл.

**Тәрбиеші:** Ендеше, Жаңа жылға, қыс мезгіліне арналған тақпақтарымызды айтайық.

**1-бала:**

Жауды, міне қар аппақ,  
Айналаның бәрі аппақ.  
Жасырыпты жолдарды,

Тегістепті оларды.

Үстін жауып көлдердің,  
Бетін бүркіп белдердің.  
Жастық етіп тауды асқақ,  
Жантайыпты жамбастап.

**2-бала:**

Міне тағы тұр келіп,  
Жаңа бір жыл балалар.  
Жадыратып жер үстін,  
Төбемізге ол шыққан.  
Бақыттымыз, сәндіміз,  
Би билейміз, әндетіп,  
Жаңа жылда сондықтан,  
Құттықтаймыз бәріміз.

**3-бала:**

Далада қар борайды,  
Ақ мамыққа орайды.  
Мұз болады қатады,  
Жып-жылтыр боп жатады.  
Аралайды бақшаны,  
Үзілмейді жақсы әні.  
Гүлденеді бақшалар,  
Жауса жаусын ақша қар.

**4-бала:**

Уақыт мол бөлеміз,  
Қыс қызығын көреміз.  
Сары аязға шыңдалып,  
Шымыр болар денеміз.  
Жылда осылай келеді,  
Көп қуаныш береді.  
Шашу етіп біздерге,  
Ақ күмісін төгеді.

**5-бала:**

Жапалақтап ала қар,  
Жауды күнде қайталап.  
Қырға шықты балалар,

Шаңғыларын арқалап,  
Қуаныштың бүгінгі,  
Басылмайды ыстығы.  
Жылдамырақ жүруді,  
Үйретеді қыс күні.

**Тәрбиеші:**

Бүгін біз көңілдіміз,  
Жаңа жылды қарсы алып,  
Мерекеге келгендерді,  
Құттықтаймыз ән салып.

«Қыс күні» әні орындалады. (Жарты шеңберге тұрып).

**Түн кіреді.**

**Түн:** Жаңа жылды тойлап жатқандарыңды естідім. Жаңа жыл келмесін, шырша шамын жақпасын! (Билеп жүріп, шырша шамдарын сөндіріп кетеді, барлық шамдар сөнеді)

**Тәрбиеші:** Балалар, естідіңдер ме Түннің не дегенін? Аспандағы сұлу Ай сиқырланып сөніп қалыпты, енді жұлдыздарда жарқырамайды Аяз ата бізге жолды қалай табар екен? Енді бізге кім көмек береді?

**Ай кіреді.**

Қара Түн мені сиқырлап тастады,  
Күміс нұрымды сөндіріп тастады.  
Қалай енді жарқыраймын,  
Қалай енді көңілденіп,  
Күміс сәулемді төгемін.

(Жылап шырша жанына отырады)

**Тәрбиеші:**

Балалар, бұл болмайды,  
Ән-думанды құрындар!  
Шат-шадыман күлкімен,  
Айды жарық қылуға көмектесейік.  
- Біздің балалар өнерлі тақпақтар мен әнмен сиқырдың күшін жояды.

**6-бала:**

Келді міне Жаңа жыл,

Қуанайық қарсы алып.  
Асыр салып ойнайық,  
Шырша айналып, ән салып.  
Ал, балалар келіндер,  
Қуаныштан күліңдер.  
Шаттанып бір жүріңдер,  
Ән айтындар, би билеп.

**7-бала:**

Тізбек шамдай жұлдыздар,  
Көкке мойын бұрғызар.  
Әшекейлеп әйнекті,  
Өрнек салды түнгі ызғар.  
Бүгін бәрі өзгерер,  
Жарқын күлкі, сөз бөлек.  
Тілек айтып күттік біз,  
«Кел, Жаңа жыл, төрле», - деп.

**8-бала:**

Қарандаршы далаға,  
Дала аппақ ақша қар.  
Тал мен үйлер қалада,  
Жамылыпты ақша қар.  
Бізбен бірге ойнайды,  
Жаңа жылды тойлайды.  
Барлық бала бақытты,  
Болса екен деп ойлайды.

**9-бала:**

Қандай әсем шыршамыз,  
Ойыншықтар әдемі.  
Бақшамызға әкеліп,  
Қойып кеткен кім екен.  
Жаңа жылда, жаңа жылда,  
Жаңаша тақпақ айтамыз.  
Болсын риза балаша,  
Аппақ біздің атамыз.

**10-бала:**

Бақша іші мереке,  
Ойын күлкі асқақ ән.  
Жақсы әпкелер жаңа кеп,  
Мерекені бастаған.  
Жаңа жылды қарсы алдың,

Мініп алып күймеге.  
 Мен де бүгін ән салдым,  
 Араластым биге де.

**«Жаңа жылым» әні орындалады.**

**Ай:** (қуанып күледі, жамылғыны шешіп билейді)

Жарайсындар, балалар,  
 Сиқырды алып тастадындар.  
 Нұр сәулемді төгемін,  
 Рақмет сендерге достарым.

**Боран кіреді.**

Мен боранмын, боранмын,  
 Ақ қарға мен орандым.  
 Тидіндер сендер ашуға  
 Тыныш ұйықтап жатқанда.

**Тәрбиеші:**

Боран ата  
 Басыңыз сіз ашуды.

Балалар біздің өнерлі,  
 Өлең айтып, би билеп,  
 Көтереді көңілді.

**11-бала:**

Біз күтеміз қаңтарда,  
 Ақшақар, Аяз атаны.  
 Сыйлықпен олар ал сонда,  
 Береді бізге батаны.  
 Жаңа жылда бар тілде,  
 Жаңа жырға балайды.  
 Жаңа жылға әркім де,  
 Жақсы үмітпен қарайды.

**12-бала:**

Келді тағы жаңа жыл,  
 Қуантумен біздерді.  
 Құтты болсын жаңа жыл,  
 Құттықтаймыз сіздерді.  
 Өлең де әзір, ән әзір,  
 Ойын да әзір, бәрі әзір.  
 Кел Жаңа жыл біздерге,  
 Кел жаңа жыл, жаңа жыл!

**13-бала:**

Жаңа жыл, жаңа жыл,  
 Жаңа жылға жаңа жыр.  
 Жасыл шырша жанында,  
 Билеп барлық бала жүр.  
 Жаңа жылым мол болсын,  
 Басқан қадам оң болсын.  
 Төрле, төрле жаңа жыл,  
 Бізге құтты жыл болсын.

**14-бала:**

Оралды өлкеме,  
 Жаңа жыл армысың!  
 Оранды ақ көрпе,  
 Асқар тау, қарлы шың.  
 Тоғай да, баулар да,  
 Ақ күміс жамылды.  
 Дала да, таулар да,  
 Өзінді сағынды.

**15-бала:**

Жаңа жылды қарсы алып,  
 Барлық бала ән салып.  
 Ақшақар жүр би билеп,  
 Қол соғады барша жұрт.  
 Шыршамызда керемет,  
 Ойыншықтар тағылған.  
 Алыс жақтан келіп тұр,  
 Аяз ата сағынған.

**Боран:** Балалар, тақпақты жақсы айтады екенсіңдер, ал енді менімен ойын ойнағыларың келе ме? Ал, кел, балалармен бірге ойнайық.

**Ойын:** «Қатып қал».

(Боранның қалтасынан бір дыбыс естіледі, ол телефонның шырылы).

**Аяз ата:** Боран ашуыңыз басылды ма, ертеңгілікке келе жатқанда, боран тұрып,

Айнала қараңғыланып кетті.

**Боран:** Иә, ашуым басылды. Мұндағы балалар өнерлі екен тақпақ айтып, ойынды да

жақсы ойнайды. Егер сіз келе жатсаңыз мен қоштасайын.

**Аяз ата:** Біз немерем екеуіміз келе жатырмыз.

Боран қоштасып кетеді.

**Ақшақар кіреді.** (Құттықтау сөзі).

- Ай сұлу міне, қайтадан күміс сәуленді төктің!

Бұл жер аздап жарық болды. Аяз ата ну орманда жүр ғой, ол жақ әлі қараңғы ғой.

Аяз ата адасып кетті ме екен? Сәуленді төгіп атамызға жол көрсетші.

**Ай:**

Мен көмектесемін!

Күміс ай жарқыра,

Аяз ата орманда,

Сәуленді төк, күміс ай,

Көрсет балаларға.

Ай шыршаны айналып,

Аяз атаны алып шығады.

**Аяз атаның құттықтау сөзі.**

**Тәрбиеші:** Аяз ата жоғары шығып балалардың өнерін тамашалаңыз.

Әсем әнде, биде бар,

Отыр ата, сәл дем ал!

**Ай:** Ал, балалар, менің кететін уақытым келді. Сау болындар. Жаңа жыл құтты болсын.

**Тәрбиеші:** Аяз атамызға арнап тақпақтарымызды айтып берейік.

**16-бала:**

Мынау тұрған Аяз ата,

Сақалы ұзын, сиқырлы ата,

Өзі аппақ тартымды,

Бәрімізді сүйеді.

Сыйлықты көп береді,

Сыйлықтары тәп-тәтті,

Шокалады, кәмпиті.

**17-бала:**

Қаңтардың суық желімен,  
Жарыса жетті бір күніме.

Алыстан келем деді де,

Аяз ата да кірді үйге.

Қарт берген батамен,

Кәмпитті сыйға көп алдық.

Би билеп Аяз атамен,

Сонан соң барып дем алдық.

**18-бала:**

Ару айдай бір қыз бар,

Аты оның Ақшақар.

Аяз ата қасында,

Сол қыз сұлу қашанда.

Көздері бар ботадай,

Тістері аппақ маржандай.

Би билейді әндете,

Балаларды жүгірте.

**19-бала:**

Борандатып, ақ қарлатып,

Аяз ата келеді.

Ақ көңілмен, пәк көңілмен,

Бізге сәлем береді.

Сақалы ақ, мұрны қызыл,

Жылы екен жүзі де.

Кірпігі ақ ерні қызыл,

Мейірімді екен көзі де.

**20-бала:**

Аяз ата, аяз ата,

Сені күтіп жүрдік біз.

Томпаң қағып, арқаланып,

Келеріңе сендік біз.

Тілеймін мен бар адамға,

Жаңа бақыт, жаңа нұр

Ата-әже, әке-ана,

Құтты болсын жаңа жыл.

**Тәрбиеші:**

Әсерлі ән айтылсын,

Көк нөсер күй тартылсын.

Бізбен бірге той тойлап,

Мына қауым шалқысын.

«Ақшақар» әні орындалады. (Жарты шеңбер)

**Тәрбиеші:** Енді ұлдарымыздың орындауында «Жаңа жылдық флеш-моб».

**Аяз ата:** Балалар, өнерлі екенсіңдер. Ал шыршаларың неге көңілсіз тұр. Қане, барлығымыз сиқырлы сөзбен шырша шамын жағайық.

**Қуант бізді таңырқат,**

**Шамдарыңды жарқырат. (2 рет)**

**Ақшақар:** Шыршаның шамдары жарқырады. Ендеше, мен сендерге жай келген жоқпын. Ойын ала келдім. Ойынның аты: «Шырша безендіру» деп аталады.

**Ойын шарты:** екі шырша екі жаққа қойылады. Екі қатарға бөлінеді.

*Музыка әуенімен шыршаны ойыншықтармен безендіреді.*

**Тәрбиеші:** Мерекемізді тақпақтармен жалғастырамыз.

**21-бала:**

Мұздан моншақ тағынып,

Күміс қырау жамылып.

Ортада тұр Ақшақар,

Көптен күткен сағынған.

Кел билейік сенімен,

Дедім тартып жеңінен.

Еріп кетпе Ақшақар,

Адамдардың демімен.

**22-бала:**

Сақалы аппақ күмістей,

Тістері аппақ күріштей.

Қызыл ала шапаны,

Сағындым Аяз атаны.

Орала ма ол енді,

Айтар едім өлеңді.

Жылдамырақ келсе екен,

Бізге ойыншық берсе екен.

**23-бала:**

Ақ сақалы желбіреп,

Аяз ата елжіреп.

Алды жылдың сәлемін,

Алды сыйын әлемнің.

Безендіріп шыршаны,

Жыл қуантты баршаны,

Той-маскарад басталды,

Аяз биді басқарды.

**24-бала:**

Аяз ата ойды қырды,

Аралап жүр түгел шолып.

Қарсы алғалы Жаңа жылды,

Ол да көптің бірі болып.

Қайда қызық болса думан,

Аяз ата сонда болды.

Күндіз үйде ойнап бізбен,

Балалармен бірге болды.

**25-бала:**

Аяз ата келіп тұр,

Сыйлықтарын беріп тұр.

Балалардың өнерін,

Ақшақар да көріп тұр.

Келді міне Жаңа жыл,

Тамаша жыл болса екен.

Бар баланы қуантып,

Бақыт құсы қонса екен.

**«Құртақандар» биі ұлдардың орындауында.**

**Жаңа жыл, жылқы жылы кіреді.**

*(Құттықтау сөзі)*

- Мен Жаңа жылмын. Барлық адамға бақыт болып келемін, келген жыл әр отбасына молшылық табыс әкесін.

**Тәрбиеші:**

Қош келдің, жылқы жылым,

Сыйыңмен келдің!

Ал балалар, қуанындар,

Жаңа жылға арналған,

Әнді айтып берейік.

*«Жаңа жыл» әні орындалады.*

**Түн келеді:**

Ох, халім нашар,  
Уақытым бітті сеземін.  
Таң да жақын жаңа жыл да келді,  
Мен енді кетемін.

*(Кетеді, жарық толық жанарды)*

**Аяз ата:**

Аспандағы сан жұлдыздар,  
Жарқырандар күліндер.  
Бар әлемге сәуле шашып,  
Дөңгеленіп билендер.  
Менің биші қыздарым  
**«Жұлдыздар» биі орындалады.**  
*Аяз ата мен Ақшақар қоштасып кетеді.*

**Тәрбиеші:**

Келді жылым бақытым,  
Кемелденді уақытым,  
Сәлем саған, жаңа жыл,  
Жаңа бақыт, жаңа жыр!  
— Мерекемізді тақпақпен жалғастырамыз.

**26-бала:**

Қонақтайды бақтарда,  
Ақ көбелек, ақ мамық.  
Аунап таза ақ қарға,  
Балалар жүр мақтанып.  
Тазартып бар кір шаңнан,  
Қыс өнерін бастады.  
Терезеге қыраудан,  
Сурет салып тастады.

**27-бала:**

Аппақ тонға оранып,  
Базарлықты мол алып.  
Келді алыс сапардан,  
Аяз ата оралып.  
Ақ қырауға малынған,  
Сақалы да мұрты да.  
Аяз ата сағынған,

Сәлем берді жұртына.

**28-бала:**

Әкелсін жыл ырыс құт,  
Әлемде болсын тыныштық.  
Ән салайық жаңаша,  
Жаңа жылмен тамаша.  
Келді міне жаңа жыл,  
Қарсы алайық бәріміз.  
Күліп ойнап би билеп,  
Ән салайық бәріміз.

**29-бала:**

Жаңа Жыл, Жаңа Жыл!  
Жаңалық ізде сен,  
Жаңа ән, жаңа жыр,  
Жазып бер бізге сен.  
Жаңа жылды қарсы алып,  
Жасаймыз біз жылда бір.  
Жарқын — жарқын ән салып,  
Жалғасады жырға жыр.

**30-бала:**

Аппақ, аппақ, жапалақтап,  
Қар жауады тынбастан.  
Қалың орман қар жамылған,  
Маужырайды түнгі аспан.  
Кел билейік, үйренейік,  
Ол келгенше жаңа жыр.  
Құтты болсын, құтты болсын,  
Құтты болсын жаңа жыл.

**Тәрбиеші:**

Кел, жаңа жыл, жаңа жыл,  
Саған әзір жаңа жыр,  
Елге табыс жақсылық,  
Ала келші. жаңа жыл.

*«Жаңа жыл» әні орындалады.*

**Тәрбиеші:** Құрметті қонақтар, балалар, балабақша ұжымы, осымен жаңа жылға арналған ертеңгілігіміз өз мәресіне жетті. Келіп тамашалағандарыңыз үшін көптен көп рахмет!

# Жас қаламгер – жаңа дәуірдің үні

Орал қалалық кітапханалар жүйесінде жас әдебиет сүйер жастардың басын қосатын «Жас қаламгер» жобасы жұмысын жүргізеді.

Әдебиет – ұлттың рухани айнасы. Ал сол айнаға жаңа бейне, жаңа үн қосып жүрген – жас қаламгерлер. Қалам ұстаған жастар бүгінгі күннің сырын, қоғамның шындығын, өз замандастарының арман-мүддесін шығармалары арқылы жеткізіп жүр.

«Жас қаламгер» жобасы – сол ізденімпаз буынның шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік беретін тамаша алаң. Бұл жоба жас жазушылар мен ақындардың басын қосып, тәжірибе алмасуға, бір-бірінен шабыт алуға жол ашады.

Қазіргі таңда әдебиет тек кітап бе-

тінде ғана емес, әлеуметтік желілерде де өмір сүріп келеді. Сол арқылы жаңа есімдер танылады, жаңа бағыттар қалыптасады.

Жоба аясында бірнеше мазмұнды іс-шаралар ұйымдастырылды. Соның ішінде ерекше атап өтуге тұрарлығы – қалалық «Жас ақын» поэзия байқауы. Жан дүниесін жырмен өрнектеген, ой әлемін өлеңмен кестелеген 13 пен 21 жас аралығындағы талапты жастар үміттерін үкілеп, байқауға қатысып, әрқайсысы 2-3 туындысын жолдады. Байқауға барлығы 12 жас ақын қатысып, олар жазған жырлар қазылар алқасының әділ бағасына ұсынылды.

Өлеңдер мынадай тақырыптық бағыттарды қамтыды:

Ұлт, Отан, туған жер – жүрек төрін-





дегі рух пен мақтаныш;

Табиғат пен экология — адам мен әлем үйлесімі жайлы толғаныс;

Махаббат пен сезім — жүрек сыры, адами құндылықтар әлемі;

Қазіргі заман және жастар көзқарасы — шындық пен шынайылық үндері;

Еркін тақырып — ой еркіндігі мен қалам еркіндігі тоғысқан кеңістік.

Қазылар шығармаларды мынадай критерийлер бойынша бағалады:

Тақырыпты ашудағы шеберлік пен ой тереңдігі;

Көркемдік әрі бейнелілік ерекшелігі;

Ұйқас пен ырғақ үйлесімі;

Сөз байлығы, поэтикалық образ деңгейі;

Тілдік шеберлік және эмоциялық әсер.

Қазылар алқасы құрамында: Хамза Жандос Жанұзақұлы — Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжінің оқытушысы, тілші; Шайхиниязова Гаухар Жәрдемқызы — «АМАНАТ» партиясы БҚО филиалы қоғамдық қабылдау бөлімінің меңгерушісі, «Жауқазын» жас қаламгерлер мектебінің жетекшісі; Хабибуллина Назым Төлепқалиқызы — қазақ тілі

пәнінің мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі, әдіскер, «Мобильді бірлестік» әдістемелік қауымдастығының жетекшісі.

Поэзия бәйгесінің нәтижесінде:

I орын — Серікқали Бақберген;

II орын — Ақбөбек Самигулліева;

III орын — Ерасыл Серікбай.



Сонымен қатар, «Ең әсерлі шығарма» номинациясымен Назира Сапарғали марапатталды.

Байқауға қатысқан барлық жас қаламгерлерге арнайы дипломдар мен алғыс хаттар табысталып, рухани қолдау көрсетілді. Ақындар өз өлеңдерін көпшілік алдында оқып, әдебиетке деген сүйіспеншіліктерін бөлісті, шығармашылық шабыт алып, жаңа достармен рухани байланыс орнатты.

Бұл жыр додасы – жастардың өнерге деген ынтасын арттырып, өлең арқылы ішкі жан дүниесін танытуға мүмкіндік берген тағылымды да мәнді шара болды. «Жас ақын» байқауы жас

рын, шабыт көзін және қазіргі жастар поэзиясының даму бағытын сөз етті.

«Өлең – мен үшін тек сөз емес, жүректен шыққан сезім. Әр жолды жазғанда өзінді де, өмірді де қайта тани түсесің», - деді жас ақын.

Сұхбат барысында жас ақын өз өлеңдерінен бірнеше туындысын оқып беріп, тыңдаушыларға ерекше әсер қалдырды.

Жас қаламгерлердің туындылары әлеуметтік желілерде, атап айтқанда Орал қалалық кітапханалар жүйесінің Instagram парақшасында «Жас қаламгер» айдары тұрақты түрде жарияланып отырады. Бұл – өскелең буын-

ның шығармаларын кең аудиторияға ұсынуға және оқырманмен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік беретін заманауи алаң.

«Жас қаламгер» жобасы – жастардың шығармашылық әлеуетін арттырып, ұлттық әдебиетіміздің дамуына серпін беретін маңызды мәдени бастама. Мұндай жобалар жас ұрпақтың

кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып, рухани құндылықтарды насихаттауға зор мүмкіндік береді.

**Назым Тұрарқызы ШАТИМОВА,**  
Орал қалалық кітапханалар жүйесі  
Кітапхана ісін дамыту және  
әдістемелік  
жұмыстар бөлімінің меңгерушісі.  
Орал қаласы.



жүректердің шынайы үніне, әдебиет әлеміне батыл қадамына айналды.

«Жас қаламгер» шеберханасында жас ақын **Едіген Нұрлан Маралбекұлымен** шығармашылық сұхбат ұйымдастырылып, бейнебаян түсірілді. Шара барысында ақын өз өмір жолы мен өлеңге келу тарихы жайлы ой бөлісті. Сұхбат барысында Едіген Нұрлан Маралбекұлы шығармашылықтың сы-

# Дәуір данасы – Міржақып

Ақтөбе қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне қарасты «Қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ, Нокин тұрғын үй алабының №12 кітапханасында Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері, ағартушы, жазушы, ұлт ұстазы Міржақып Дулатовтың 140 жылдық мерейтойына арналған «Дәуір данасы – Міржақып» атты тағылымды дөңгелек үстел өтті. Шара ұлттық терме орындалуымен ашылып, қатысушыларды рухани сезімге бөлеп, Алаш рухына жетеледі.

Кітапханашы кештің мақсатын айқындап, Міржақып Дулатовтың күреске толы тағдыры, ұлттық сананы оятудағы қызметі туралы ой қозғады. «Zaman» театр студиясының жас өнерпаздары ақынның өлендерін тебірене оқып, кештің көркем тынысын арттыра түсті. Одан соң Шығанақ Берсиев атындағы жоғары аграрлық техникалық колледжінің мұғалімі Міржақыптың өмір жолын, қоғамдық-саяси қызметін кеңінен баяндап, оның тұтас бір дәуірдің айнасы болған тұлға екенін атап өтті.

Жиын барысында Міржақыптың «Оян, қазақ!» еңбегіне ерекше тоқталынды. №65 мектептің кітапхана меңгерушісі Жұмабаева Мейрамгүл Айтқұлқызы бұл туындының қазақ халқын оятуға бағытталған тарихи үндеу, ұлттық рухты жарқырата көрсеткен ескерткіш еңбек екенін түсіндіріп,



оның бүгінгі күнмен байланысын айшықтап берді.

Сонымен қатар №65 мектептің 6 «а» сынып оқушылары Міржақыптың өнегелі әңгімелерін жатқа айтып, әрбір ойдың астарында адамгершілік пен азаматтықты дәріптеген терең мағына жатқанын жеткізді. Келесі кезекте №75 мектептің оқушылары өз зерттеулерімен бөлісті: Еламан Әмина «Бақытсыз Жамал» романын талдап, ондағы әйел теңсіздігі мен қоғам мәселелерін ашып көрсетті; Мақсатқызы Салтанат «Қазақ» газетінің ұлт руханиятындағы рөлін түсіндірді; Актамакова Назым Міржақыптың кесенесі

мен мұражайы жөнінде тың мәліметтермен бөлісті.

Кештің әсерлі сәттерінің бірі – №75 мектеп оқушысы Мақсатова Мадинаның Міржақыптың «Алаш ұраны» өлеңін мәнерлеп оқуы болды. Шара барысында «Дәуір данасы – Міржақып» атты кітап



көрмесіне библиографиялық шолу жасалып, қатысушылар ақынның еңбектерімен және Алаш қозғалысы туралы әдебиеттермен танысты.

Іс-шара соңында «Қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің» директоры Салиева Гүлнар Нохымқызы сөз сөйлеп, жастардың белсенділігіне ризашылығын білдіріп,

қатысушыларды марапаттады. Кеш әнмен түйінделіп, қатысушылар Міржақып Дулатовтың рухани мұрасының бүгінгі ұрпақ үшін маңызын тағы бір мәрте сезіне түсті.

Алаш арысының ғұмыры — еркіндіктің құнын, білімнің құдіретін, ұлтқа қызмет етудің қасиетін ұғындыратын өнеге. «Ұлтқа қызмет — ұлы мұрат! Алаш арыстары — мәңгі жадымызда!» деген ұстаным шараның басты түйініне айналды.

**Ж. САДЫҚ,**  
Нокин тұрғын үй алабындағы  
№12 кітапхана меңгерушісі.  
Ақтөбе қаласы.

# «Қазақ тілі» қалашығына саяхат

5-6-сынып оқушыларына арналған  
қойылым сабақ

**Той бастау**

**1-жүргізуші:**

Баста десен; тойыңды мен баста-  
йын-ай,

Той басқару жағынан мен қашпа-  
йын-ай.

«Қазақ тілі» қалашығына келген қо-  
нақтар,

Мәртебесін тілімнің көтерейік-ай!

Ана тілім-ай, дана тілім-ай,

Мәртебесін тілімнің көтерейік-ай!

**2-жүргізуші:**

Қазақ тілі — қазақтың ұлттық тілі-  
ай,

Санамызға сіңірген бабам тілі-ай.

Ана тілін тереңдеп үйренеміз деп,

Тәуекелге бел буған шәкірттерміз-  
ай!

Ана тілім-ай, дана тілім-ай,

Үйренуге қыр-сырын келіңіздер-ай!

*(Екі жүргізуші шығып, халық әні*

*«Күміс құмған» әнімен айтады).*

**1-жүргізуші:**

Ана тілің-ақ сүтіндей анаңның,

Ана сүттен барлық адам нәр алған.

Туа салып тұңғыш татқан дәмің де,

Ол-азығың, өзіңмен бірге нәр ал-  
ған.

**2-жүргізуші:**

Адал перзент ана сүтін ақтаған,

Ана — Отанын жаудан қорғап сақта-  
ған.

Өзге тілден оңдырады не тауып?

Өз тілінен інжу-маржан таппаған.

**1-жүргізуші:** Армысыздар, ұстаздар,

кұрбы-құрдас, замандастар!

**2-жүргізуші:** Біздің «Қазақ тілі қала-  
шығына қош келдіңіздер!

Сіздер бізге қонаққа келгендеріңізге  
еш өкінбейсіздер!

Мұқият тындап, зер сала назар ау-  
дарсаңыздар, біздің өлкенің сіздерге  
берері көп.

**1-жүргізуші:** Ендеше, бірге тамаша-  
лайық!

*(Ортаға аптығып бір оқушы шыға-  
ды).*

**1-оқушы:** Осы «Қазақ тілі» қалашы-  
ғы ма? Түу, әрең таптым ғой. Сіздер де  
келдіңіздер ме?

Менің келген себебім: («Диктант»  
өлеңін оқиды).

Кеше біздер сыныпта,

Диктант жазып отырдық.

Көшірдім мен Күләштан,

Екі бетті толтырып.

Үзілісте мен іште,

Асыр салып ойнадым.

Құрығанда бір үшке,

Жаздым ғой деп ойладым.

Сөйтсем мойны үп-ұзын,

Бір алыппын құрысын.

Дәптер беті қып-қызыл,

Ұялған ғой мен үшін.

Солай менің жағдайым. «Лексика»  
көшесі, - дейді...

*(Бір топ оқушы әнімен айтады)*

Лексика — сөз мағынасы,

Сөздерді үйренесін.

Тура, ауыспалы да мағына бар.

Көп мағына, омонимдер,

Антоним, синонимдер -

Бәрі де біз де бар, біз де бар.  
Жаңа сөздер, мақал-мәтел,  
Кәсіби сөз, терминдер.  
Талмай оқып, ерінбедер,  
Лексиканы үйрен.

**(Лексика көшесінің оқушысы)**

- Иә, бұл – «Лексика» көшесі!

(Әлгі оқушы: - Өнерді үйрен де жи-  
рен; Ана тілі ой өсіреді, - деген. Ға-  
ламның шырағы – күн; Адамның шы-  
рағы – білім! - деген (кетеді)

(«Лексикалықтар» қол бұлғап: -  
Әне, көрдің бе, бізден сөз мағынасы  
мен мақал-мәтел үйрендің. Қош сау  
бол!)

**2-оқушы:** О, ғажап, рахмет сендерге!  
(Кетеді)

**3-оқушы:** Мына көшеге барып кө-  
рейін. («Фонетика» көшесіне келеді).  
- «Фонетика» көшесі, - дейді ғой, - бір  
жерден естіген сияқтымын).

(Осы кезде А, Ә, Б, В, Г, Ғ, Д, Е - деген  
дыбыстар естіледі)

**4-оқушы:** Бұл не өзі?

**«Фонетикалықтар»:** (әндетіп) - Сіз  
«Фо-не-ти-ка» кө-ше-сін-де тұрсыз!

**5-оқушы:** Не «Фонетика» болса осы-  
лай дыбыстай бере ме?

**6-оқушы:**

Сөзді қалай құрайсың?  
Дыбыстарды білмесең.  
Дыбыс, әріп үйренесің,  
«Фонетика» көшесінен.

**(Барлығы «Мұғалім ол біздің» әнімен  
орындайды)**

Фонетика – дыбыстар,  
Әріптер, таңбалар.  
Үйрен де жалықпай  
Әліпби жаттап ал.  
Қырық екі әріп,

Отыз жеті дыбыс.

Олардың әрқайсысы,

Дауысты, дауыссыз.

Тасымал керек-ақ,

Диктант жазуға.

Ғажайып бір сыр бар,

Үндестік заңында.

**7-оқушы:** О, керемет! А, Ә, Б, В...  
(кетеді)

**8-оқушы:** Ой, мен қандай көшеге  
тап болдым? Мұнда тұратындар ауру  
ма, әлде сайқымазақ па? Кирелендеп,  
ирелендеп неғып жатыр? - Ау, кім бар-  
ау!

**Леп белгісі:** Айқайлама, батырым!  
Бұл қалашыққа біз де қонақпыз, сон-  
дықтан демалып жатырмыз. Әрі сені  
келеді деп күтіп-күтіп шаршап жатыр-  
мыз. Сен бізді келемеждеме, үндемей-  
-ақ көп нәрсе тындырамыз. Сен өзі  
диктанттан қатені неден жібердің?

**9-оқушы:** Тыныс белгісінен.

**Леп белгісі:** Ендеше, сен сол тыныс  
белгілерінің көшесінде тұрсың.

**9-оқушы:** Өздеріңше, орысшалап  
«пунктуация» деп қойыпсындар ғой.

**Леп белгісі:**

Ол – біздің бабамыздың аты!

**Сұрау белгісі:**

Түсінбеймін балаларды,

Нені ойлап отырады?

Бір нәрсені сұрап жазып,

Мені қоюды ұмытады.

**Нүкте:**

Бар хабарды әлемдегі,

Бәріне де хабарлаймын.

Аяқтаймын сөйлемдерді,

Бірақ орнымды таба алмаймын.

**Үтір:**

Қызметім менің көрінбейді,  
Ренжіп жүрмін, бір түрлі.  
Бірыңғай мүше арасына,  
Қоя бермейді үтірді.

**10-оқушы:** Ойбай-ау, бір үтір десем,  
көп үтір жатыр ғой аударылып, төңкеріліп (күледі).

**Тырнақша:**

Олай деме, орным бар менің де,  
Пайда болған жаңа сөздерге,  
Айтқан сөздер кей кезде,  
Мағынаны берсе өзге.  
Оған да бара қоям.

Төл сөзді автор сөзінен бөлуге,  
Тырнақшаға ала қоям!

**Леп белгісі:**

Ренжітемін, бұйрық берем,  
Көңілім түссе қуантамын.  
Танысып қой бізбенен,

Леп белгісі мен боламын!

*(Бәрі «Жалқаубек» әнімен айтады)*

Тыныс белгі — елеусіз,  
Болса да біз күштіміз.  
Бізді білген балаға,  
«Бестік» алып береміз.  
Айтқан сөзің шырайлы,  
Мына бізбен өлшенер.  
Жазған жазу түсінікті,  
Боларсындар «үздіктер!»  
Әй-әй, балалар,  
Сауатты жаза біліңдер!  
Әй-әй, балалар.  
**Қорытындылау.**

**Гүлнәр ҚҰРМАНАЛИЕВА,**  
№13 орта мектептің қазақ тілі  
мен әдебиеті пәні мұғалімі.  
Арал қаласы,  
Қызылорда облысы.

## Дос болайық бәріміз



**Аяжан Тұяққызы**  
**МЫРЗАГАЛИЕВА,**  
**Ғ. Қараш атындағы**  
**Қараоба мектеп-**  
**гимназиясы**  
**педагог-психологы.**  
**Қараоба ауылы,**  
**Казталов ауданы,**  
**Батыс Қазақстан**  
**облысы.**

**Мақсаты:** оқушылар арасындағы жағымды қарым-қатынас орнату, бір-бірін сыйлауға, адал дос болуға және қоршаған ортамен дос болуға үйре-

ту, Достықтың адам өміріндегі өзіндік ерекшеліктерін ұғындыру арқылы, оқушылардың достық қасиеттерін ұштастыру.

**Көрнекілігі:** қағаздан қиылған жүрекшелер, гүлдер, музыка, слайд.

**Барысы:**

Шаттық шеңбері

1. Алақан суреті;
2. Күліп тұрған адамның бейнесі;
3. Күннің суреті;
4. Жүрек суреті.

Ерте заманның ойшылы және асқан шешен Цицерон: «Достық өз бойына қаншама сан алуан пайдалы

нәрселерді біріктірген десенізші! Қайда барсаңыз да ол сізге қызмет етеді, ол барлық жерде бар, ол ешқашан мезі қылмайды, ешқашанда орынсыз килігетін жері болмайды; ол сәттілікке жаңа сәулет, әр береді, ол ортақтасқан сәтсіздіктер де көп мөлшерде өзінің уытын, дәмін жоғалтады», - деген.

Достық – адам өмірінің сан бояулы, көп қырлы қасиеті. Сондықтан да достық ұғымына толық анықтама беру мүмкін емес. Достықтың да түрлері көп. Адал достық, шынайы достық, т.б. Ең алдымен дос болу үшін бізге қарым-қатынас жасау жолдарын білуіміз керек. Дос қандай болуы керек? Ақылды, адал, көмегін аямайтын, сенімді, қамқоршы, шыншыл, қайы-

ніз. Сіздің алдыңызда иісі мұрынды жаратын жұпар иісті, әдемі жүздеген, мыңдаған гүлдер өсіп тұр. Кенеттен бетіңізге самал жел соққандай болды. Жүріп келе жатып сізді алыстан көз тартып шақырғандай болып тұрған гүл өзіңіздің жаныңызға жақын. Сол гүлді қолыңызға алып иіскеп, гүлге аялап карап тұрдыңыз. Сол гүлді сіз өзіңіздің жақын адамыңызға немесе досыңызға тарту еттіңіз. Жақын адамыңыз да осы гүл сияқты өте әдемі.

### Рефлексия жасау.

#### «Еркін би» жаттығуы.

**Мақсаты:** Бұл жаттығу қатысушыларға басқалардың алдында қысылмай билей алуына мүмкіндік береді. Топтың араласып кетуіне, өзіндік ашылуына жағдайлар туғызу. Сонымен қатар ол би терапиясын аяқтауға көмектеседі.

**Жүру барысы:** Қатысушы топ дөңгеленіп отырады. Осы қатысушының арасынан біреуі ортаға шығып билейді. Алайда оған «жақсы биші» болу қажет емес. Оның қимылы еркін болуы керек. Оны ешкіммен салыстырмайды, ол өзінің денесіне бағынады. Бірнеше минуттан кейін ол



рымды, білімді, ұқыпты, т.б.

### «Керемет бақ» арт-терапия, релаксация.

Өзімізді ыңғайлы, қалыпты ұстап көзімізді жұмамыз. Аяғымызды, денемізді толықтай бос ұстаймыз. Үш рет терең дем аламыз. Енді көз алдыңызға әдемі гүлдерге толы, әсем керемет бақтың ішінде жүрміз деп елестеті-



отырады да, оның орнына яғни ортаға басқа қатысушы шығады. Осылайша әркім өз еркімен шығып, 1-2 минут болса да өзінің биін билеп ойын ары қарай жалғасады.

#### «Май шам» тренингі.

Барлығымыз бір-бірімізбен жағымды қарым-қатынас орнату үшін, достығымызды нығайту үшін жылы сөздер, тілектер айту арқылы жалғастырамыз.

Қоштасу рәсімі.

Күлім қағып қолымды,  
Бір-екі, үш деп соғайын.  
Қарап тұрған көршіме,  
Қолымды мен бұлғайын.  
Жылы-жылы жүзбенен,

Маңдайыңнан сипайын.

Жылы-жылы сөзбенен,  
Жүрегімді сыйлайын.  
Ыстық алақаныңмен,  
Қолыңды бер қысайын.  
Амандасып өзіңмен,  
Құшақтап бір қысайын.

- Балалар, бүгін біздер достықты берік сақтау үшін, оны одан әрі нығайту үшін көптеген нәрселермен таныстық. Сонымен қатар бойымыздағы жаман қасиеттерден арылуға күш салдық. Әрқашанда бір-бірімізді сыйлап жүрейік, өйткені сыйластық арқылы адамның бойында жақсы, ізгі қасиеттер қалыптасады екен.

## Ілияс Есенберлин – Тарихты тірілткен қаламгер

**Мақсаты:** Балаларды қазақтың ұлы жазушысы Ілияс Есенберлиннің өмірі және шығармашылығымен таныстыру;

Оқушылардың отансүйгіштік сезімін, әдебиетке қызығушылығын арттыру.

**Көрнекілігі:** Кітап көрмесі: «Тарихты сөйлеткен қалам». Жазушының кітаптарының макеті.

**Жүргізуші:** Құрметті оқушылар! Бүгін біз қазақ әдебиетінің ірі тұлғасы, тарихи романдардың негізін салушы жазушы Ілияс Есенбер-

линнің өмірі мен шығармашылығына арналған танымдық кеш өткіземіз. Ол – қазақ тарихын көркем сөзбен қайта тірілткен қаламгер.

**1-оқушы:** Ілияс Есенберлин 1915 жылы Ақмола облысында дүниеге келген. Бала кезінде ата-анасынан ерте айырылып, балалар үйінде тәрбиеленеді. Кейін ҚазПИ-дің (қазіргі Абай атындағы университет) инженерлік факультетін бітіреді. Ол соғысқа қатысқан, ел үшін қызмет еткен еңбекқор азамат болған.



**2-оқушы:** Ілияс Есенберлин — қазақ әдебиетінде тарихи романдар жанрын дамытқан алғашқы жазушы.

Оның ең атақты шығармалары: «Көшпенділер» трилогиясы (құрамында «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар» романдары бар), «Алтын Орда» трилогиясы.

Бұл кітаптарда қазақ халқының қалыптасу тарихы, батырлық, ел бірлігі туралы айтылады.

*(Фон ретінде баяу музыка қосылды, мысалы «Елім менің»)*

**3-оқушы** (өлеңмен):

Тарихты тірілттің, қаламыңмен,  
Халықтың жүрегіне жол салдың

сен.

Есенберлин — ел рухын көтерген жан,

Шежіре сырын шерткен данамен тең.

**Жүргізуші:**

Ілияс Есенберлин — тек жазушы емес, сонымен бірге киностудияда, баспада, түрлі жауапты қызметтерде еңбек еткен тұлға.

Ол қазақ халқының тарихын ашық жазып, елге рух берді.

**Ойын-сұрақ бөлімі:**

(Кітапханашы жүргізеді)

«Кім жылдам?» — шағын викторина

1. Ілияс Есенберлин қай жылы

туған? (10 қаңтар, 1915 жылы )

2. Оның ең танымал трилогиясы қалай аталады? (Көшпенділер (трилогия)

3. «Алмас қылыш» романы не туралы? («Алмас қылыш» романында Дешті Қыпшақтың (бұрынғы қазақ елінің бір атауы) қаһарлы ханы Әбілхайырдың кезінде қазақ руларының қазақ хандығы қол астына топтасуы, бір жағы – Әбілхайыр, екінші жағы – Жәнібек, Керейлердің тақ пен тәж үшін таласы, хан ордасындағы шытырман оқиғалар, алдау мен зорлықтар тізбегі баяндалған)

4. Жазушының еңбектерінде не бейнеленеді? (Ілияс Есенберлиннің еңбектерінде ең алдымен қазақ халқының тарихы, елдік пен ерлік рухы бейнеленеді)

5. Неліктен оны «Тарихты тірілткен қаламгер» дейміз? (Ілияс Есенберлинді «тарихты тірілткен қаламгер» дейтін себебіміз – ол өз шығармалары арқылы қазақ халқының өткен тарихын көркем түрде жаңғыртып, ұлт санасында қайта жандануына себеп болды.

Мынадай дәлелдер келтіруге болады:

1. Тарихи шындықты көркем түрде жеткізді.

Есенберлин «Көшпенділер» три-

логиясы мен «Алтын Орда» романдарында қазақ халқының ежелгі дәуірінен бастап хандық кезеңге дейінгі тарихын жан-жақты суреттеді;

2. Ұлт рухын оятты.

Оның шығармалары халықтың ерлік дәстүрін, елдік пен бірлігін көрсетті.

*(Дұрыс жауап берген оқушыларға кітапша, белгілер немесе алғыс хат беріледі)*

**4-оқушы:** Ілияс Есенберлиннің кітаптары көптеген тілге аударылған.

Ол – қазақ әдебиетін әлемге танытқан жазушы.

Бүгінгі ұрпақ оның еңбегін ұмытпау керек!

**Жүргізуші** (қорытынды сөз): Балалар, Ілияс Есенберлин – халқымыздың жүрегінен мәңгі орын алған тұлға. Оның еңбектерінен біз ерлік пен елдікке, бірлік пен намысқа үйренеміз.

Олай болса, кітапханамыздағы Ілияс Есенберлиннің шығармаларын оқуға шақырамыз!

*«Елім менің» әні хормен орындалады.*

**Айша ХАМИТОВА,**

**Орал қалалық кітапханалар жүйесінің кітапханашысы.**

**Орал қаласы.**



# Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері журналы

**Құрметті оқырман қауым!**

Қолдарыңызға тиіп отырған журнал мектеп, мектепке дейінгі, арнайы, жоғары оқу орындары мұғалімдері мен оқытушыларына, жалпы оқырмандарға арналған. Журналға «Казпочта», «Ернұр пресс», «Евразия Пресс», «Экспресс почта» және Post.kz сайты арқылы жазылған тиімді.

Жазылу ай сайын жүргізіледі.

Мекен-жайымыз: 050036, Алматы қаласы, Мамыр-2, 13-7.

**Индекс 75489**

**Қиын алыңыз да, жазылыңыз!**

		Басылым индексі	
		<b>АБОНЕМЕНТ</b>	
		«Мектептегі мерекелер тәрбие жұмыстарының сценарийлері»	75489
		Комплекті саны	[ ]
2026 жылға, айлары			
кайда	[ ]	[ ]	[ ]
		(почта индексі)	(мекен-жайы)
кімге		(аты, жөні)	
		Тасымалдау карточкасы	75489
		Басылым индексі	[ ]
ПВ	орны	[ ]	[ ]
Бағасы	Жазылу мекен-жайын өзгерту	...тенге	...тиын
[ ]	[ ]	[ ]	[ ]
2026 жылға, айлары			
1	2	3	4
5	6	7	8
9	10	11	12
кайда	[ ]	[ ]	[ ]
кайда		(почта индексі)	(мекен-жайы)
кімге		(аты, жөні)	



# Спортты алып серікке...

Адамның басты байлығы – денсаулық. Денсаулық – адамның ең қымбат дүниесі, әрі адамға табиғат берген басты құндылық. Деніміз сау болу үшін шынығу, тазалық, таза ауа, су, уақытылы тамақтану, зиянды әдеттерден аулақ болу. Ол үшін спорттың орны маңызды. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, әрі шыдамды болады. Сондықтан біз денсаулығымызды нығайту үшін спортпен шұғылдануымыз керек. Спорттық ойындардың түрлері көп. Олар: футбол, баскетбол, волейбол, теннис, хоккей, шаңғы тебу, суда жүзу және т.б.

Ал бүгінгі біздің дзюдо спорт түрін жанына серік еткен «Балуан Шолақ» спорт клубының жаттықтырушысы, Дзюдо және Белбеу күресінен спорт шеберлігіне үміткер, Халықаралық, Республикалық, облыстық жарыстардың жеңімпазы, Қазақстан Республикасы чемпионатының 2 дүркін күміс жүлдегері, жас та болса бас болып, жас ұрпақты жаман әдеттерден аулақ, денінің сау болып, келешекте өз елінің, қоғамның салауатты, өркениетті, білімді азаматтары болып қалыптасуына, салауатты өмір салтын



ұстануына тәрбиелеп жүрген – Қойшығұлов Нұрдәулет Қанатұлы. Нұрдәулеттің шәкірттері облыстық, Республикалық жарыстардың жеңімпаз жүлдегерлері.

Оқушының дене мәдениетін қалыптастыру, жарқын болашақта үлгілі, дені сау азамат болып өсуіне, мектепте алған білімі мен тәрбиесіне қоса, кітапты жанына серік ете отырып, кітапханада өткізілетін түрлі шаралардың бас-қасында жүріп, кітап пен спорттың бірге бір-біріне еш кедергі келтірмейтінін, оқушы тәрбиесінде білім мен қатар спортта қателіктер жібермей, еңбек етіп оларға үнемі бағыт-бағдар беріп, дұрыс жолда жүруіне, салауатты өмір салтын қалыптастыруына барынша жағдай жасау, менің жас тәрбиеленушім алдындағы міндетім деп санайды, - Нұрдәулет.

Айнұр Әбдіқызы ТАҒАН,  
Сазды тұрғын үй алабындағы №10 модельді  
кітапхананың кітапханашысы.  
Ақтөбе қаласы.

Индекс 75489



050036, Алматы қаласы, Мамыр-2 ы/а, 13-7. Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.